

**Қазақстан Республикасында  
орта білім мазмұнын жаңарту аясында  
қазақ тілінде оқытатын мектептердің қазақ тілі  
мұғалімдерінің біліктілігін арттыру  
бағдарламасы**

**Мұғалімге арналған бағдарлама**

**Бірінші басылым**

Баспаға «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ  
Педагогикалық шеберлік орталығының  
Әдістемелік кеңесі ұсынған

© «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2015

Барлық құқықтар қорғалған. Осы басылымды кез келген түрінде және кез келген құралдармен, фотокөшірмені және кез келген электронды нұсқаны қоса алғанда, авторлық құқық берушінің жазбаша рұқсатынсыз толық немесе ішінара басып шығаруға немесе таратуға тыйым салынады.

## МАЗМҰНЫ

Кіріспе .....	3
Қазақстандағы білім беру бағдарламасын реформалаудың алғышарттары.....	6
Білім беру бағдарламаларын жаңартудың басымдықтары .....	7
Қазақ тілінде оқытатын мектептердегі қазақ тіліне шолу .....	9
Қазақ тілінде оқытатын мектептердегі қазақ тілінің оқу бағдарламасын әзірлеу .....	12
Қазақ тілінде оқытатын мектептерде қазақ тілін оқытуда қолданылатын оқыту тәсілдері...14	
Қазақ тілінде оқытатын мектептерде қазақ тілін оқытуды критериалды бағалау.....	23
Бағдарламаға шолу .....	25
Бағдарламаның құрылымы .....	26
Оқу жоспары .....	27
Сабак кестесі.....	30
Пайдаланылған әдебиет .....	31
Қосымша әдебиет .....	34

## КІРІСПЕ

Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту аясында қазақ тілінде оқытатын мектептердің қазақ тілі мұғалімдерінің біліктілігін арттыру бағдарламасын (бұдан әрі – Бағдарлама) «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы (бұдан әрі – ПШО) Кембридждің Халықаралық емтихан кеңесімен бірлесе отырып әзірлеген. Бұл Бағдарлама республикада орта білім мазмұнын жаңарту аясында қайта қаралған оқу бағдарламаларын мектептерге енгізуге септігін тигізеді. «Мұғалімге арналған бағдарлама» әдістемелік құралы Бағдарлама аясында шығарылатын оқу-әдістемелік кешеннің бір бөлігі болып табылады. Қазақ тілінде оқытатын мектептердегі қазақ тілі пәнінің білім беру бағдарламасын әзірлеу және іске асыруға қатысты толық мәліметті «Мұғалімге арналған бағдарлама» әдістемелік құралынан табуға болады.

Бұл біліктілікті арттыру курсының жалпы мақсаты оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін енгізу арқылы Қазақстанның ұлттық білім беру жүйесіне арналған орта білім мазмұнын жаңарту бағдарламасымен таныстыру болып табылады. Бағдарлама аясындағы оқыту қарастырылып отырған оқу бағдарламасының Қазақстандағы білім беру жүйесін реформалауға айтарлықтай үлес қосуына мүмкіндік береді. Оқу бағдарламасында білім беру саласындағы өзгерістердің төменде келтірілген шарттары мен алғышарттары қарастырылады:

- Білім берудегі халықаралық үрдістер;
- Оқу бағдарламасын құрудың теориясы;
- Оқыту тәсілдерін енгізуге негіз болатын теориялық алғышарттар.

## ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН РЕФОРМАЛАУДЫҢ АЛҒЫШАРТТАРЫ

«Адамзатқа және қоғамға орасан зор проблемалар әкелетін жаһандану мен жаңғыртудың әсерінен айналадағы әлем түбегейлі өзгерістерге ұшырауда. Мектептер оқушыларды түрлі мәдениет өкілдерімен әріптестік қарым-қатынас жасауды, алуан түрлі идеяларды, перспективалар мен құндылықтарды ескеруді, адамдар өздерінің алуан түрлілігіне қарамастан, технологиялардың көмегімен кеңістік пен уақыт кедергілерін жеңе отырып, бір-біріне сенім білдіруін және әріптестікте жұмыс істеуін қажет ететін әлемде, адамдардың өмірі ұлттық шекаралар аумағынан тыс мәселелерге байланысты болатын әлемде өмір сүруге және жұмыс істеуге дайындауы керек. Жиырма бірінші ғасырдың мектептері оқушыларды өмірде, жұмыста және азаматтық ұстанымында өзгелермен ынтымақтастықта өмір сүруге дайындай отырып, ұлттық және жаһандық пікір алуандығының шынайылығын ұғынатын өзіндік дербестігі мен ерекшелігін дамытуға көмектесуі керек».

*Андреас Шлейхер, Білім беру және кәсіби дайындау басқармасы директорының және ЭЫДҰ Бас хатшысының білім беру саясаты бойынша арнайы кеңесшісі міндеттерін атқарушы (2014).*

«Қазақстанның орта мектептеріндегі оқыту өз дәрежесіне сай тиімді деп айтуға келмейді. TIMSS және PISA деректері қазақстандық орта мектеп жүйесінің теориялық білім беруде және оқушыларды есте сақтау, талдау жасау және ақпарат алумен қамтамасыз етуде айтарлықтай тиімді екенін көрсетті. Бұл оқушылардың жоғары ойлау деңгейіндегі дағдыларын меңгеру және қолдану мүмкіндіктерін, мәселен, математикадағы шешімін табу және пайымдау алгоритмі немесе оқу барысында мәтіндерді талдау және бағалау сияқты мүмкіндіктерді қамтамасыз ету үшін салыстырмалы түрде әлсіз болып табылады».

*Ұлттық білім беру саясатына шолу: Қазақстандағы орта білім беру, ЭЫДҰ (Милованович, 2014)*

### **Білім беру бағдарламасына өзгерістер енгізу не үшін қажет?**

Жоғарыда келтірілген тұжырымдар Қазақстандағы оқу бағдарламаларын өзгертудің қажеттілігін нақтылай түседі. Технологиялар, коммуникациялар мен ғылым салалардағы мұндай елеулі өзгерістер әлемдік экономикаға және жиырма бірінші ғасырда табысты болу үшін әрбір азаматқа қажетті білім мен дағдыға терең әсерін тигізуде. Қарқынды жаһандану, сондай-ақ, ұлттық экономикаға да ықпал етуде және қазіргі уақытта экономикалық дамуды қамтамасыз етуге бағытталған халықаралық бәсекелестік артты. Женевадағы (2006) Халықаралық еңбек ұйымының баяндамасы мұның жеке азаматтар үшін маңыздылығын көрсетті: «... көлік және коммуникация саласындағы елеулі жетістіктермен қатар, сауда мен капитал ағымын ырықтандыру: өз еңбегінің жемісін сату үшін әлемдік нарықта өзара бәсекелестіктегі жұмысшылар мен жұмыс берушілердің саны күннен-күнге артып келе жатқандығын көрсетеді» (VII б.). Жаһандану тек жұмыс орындарына әсер етіп қана қоймай, сонымен қатар, қолжетімді жұмыс түрлеріне және сәйкесінше, жұмыс табу үшін қажетті білім мен дағдыға да әсері артып келеді. Гриффин және басқа авторлардың (2012) айтуы бойынша: «...экономикасы дамыған елдерде өнеркәсіптік өндірістен ақпараттық қызмет көрсету және байланыс қызметін көрсетуге ауысып жатқаны айтарлықтай байқалды» (17-б.). Білім беру жүйесін жаңартуға арналған бұл экономикалық дәлелдерге қоса, қазіргі жиырма бірінші ғасырда басқа да негіздер бар: байланысқа бейімділікті арттыру; әлеуметтік өзгерістер; ауа райының өзгеруімен байланысты мәселелер; бүкіл әлемдегі халықтың қарқынды өсуі; заманауи әлеммен өзара табысты байланысу үшін қажетті және келешек күннің әлемімен өзара байланысу үшін қажетті дағдыларды қазіргі таңдағы мектеп жасөспірімдері талап ететін шектеулі ресурстарға деген сұраныстың өсуі.

Білім беру елдердің бәсекелестікке қабілетті болуын қамтамасыз ететін ең тиімді әрі

ұзақ мерзімді стратегия болып табылады. Көптеген авторлар, соның ішінде Виллем Те Вельде (2005) жаһандандудың қазіргі кезеңінде жоғары сапалы білімнің қажеттілігі туралы өз пікірлерін айтты. Қазіргі таңда экономикалық өсу және азаматтардың әл-ауқаты үшін білімнің айтарлықтай маңызды екенін бүкіл әлем мойындауда. Моршед М. басқа авторлармен бірлестікте (2010) жоғарыда аталған мәселерді шешу мақсатында өзгерістерге бейім жүйелердің саны артып отырғанын атап, білім беруді реформалаудың қарқынды артып келе жатқанын 2005 жылы айтып өтті.

Бүкіл әлемде білім беру жүйелерінің келешек ұрпаққа қандай білім беретіні туралы мәселе қайта қаралуда. Осы мәселе аясында «Балалар ХХІ ғасырда табысты болу үшін нені оқыту керек?» және «Оқытудың тиімді әдістері қандай?» деген сияқты негізгі сауалдар туындайды. Бұл сауалдар оқу бағдарламасымен және оқу бағдарламасын жүзеге асыруда пайдаланылатын педагогикалық әдістемелермен тығыз байланысты.

Барлық оқушылар өздері өмір сүретін әлемде жұмыс істеуге дайын болуы өте маңызды. Оқушылар күн сайын БАҚ және түрлі технологиялар арқылы орасан зор ақпараттармен танысатындықтан, тыңдау, сөйлеу, оқу және жазу мүмкіндіктері оқушыларды барған сайын артып келе жатқан жаһандану жағдайындағы қоғамда қарым-қатынас жасауға дайындайды. Бірінші кезектегі және негізгі тіл болып табылатын қазақ тілінде сапалы білім алу оқушылардың өздерінің ойлары мен эмоциясын басқаларға жеткізе алу үшін еркін оқуына және жазуына мүмкіндік береді. Сонымен қатар, оқу және тыңдау арқылы басқалар да олармен қарым-қатынас жасай алады.

Сондай-ақ, оқушылар оқу арқылы мәдени, эмоционалдық, интеллектуалдық, әлеуметтік және рухани жағынан даму мүмкіндігіне ие болады. Оқу оқушылардың жаңа білімді меңгеруіне де, сондай-ақ алған білімін әрі қарай дамытуына да мүмкіндік береді. Барлық тілдік дағдылар қоғамның толыққанды мүшесі болу үшін айтарлықтай маңызды болып табылады.

Қазақстанда қазіргі кезде жаһандық проблемаларға жауап бере алатындай деңгейдегі ұлттық мәнмәтіндегі жұмыстар жүргізілуде. Оқу бағдарламаларының, бағалаудың, оқулықтардың және педагогиканың ұлттық стандарттарымен байланысты өзекті білім беру құндылықтары мен мақсаттар мектеп оқушыларының жалпы жетістіктерін арттыруды, сондай-ақ инновациялар мен озық тәжірибелерге қол жеткізу үшін, ұлттық сәйкестікті мектеп бағдарламасы арқылы растау мен іске асыру үшін және барынша ауқымды халықаралық тәжірибемен өзара әрекеттесу үшін қажетті дағдыларды дамытуды қамтиды. Жаңартылған оқу бағдарламасы мен бағалау жүйесін енгізу аталған міндеттерді шешу үшін қабылданған шаралардың бірі болып табылады.

Қазақ тілін үйрену бағдарламасының аясында оқылым, жазылым, айтылым, тыңдалым дағдыларын дамыту нәтижесінде оқушылар алған білімдері мен үйренген дағдыларын кез келген орта жағдайында бәсекеге қабілетті болуға, қарым-қатынас үдерісінде тиімді қолдануға мүмкіндік беретін білім алады.

## БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ЖАҢАРТУДЫҢ БАСЫМДЫҚТАРЫ

Табысты болу үшін оқушыларға білім қандай қажет болса, дағды да сондай қажет деген ойдың жақтастары көбейіп келеді. Бұл оқушылардың ақпаратты еске сақтап, алған білімдерін ұғынуын, түсінуін және әртүрлі салада қолдана білуін талап етеді. Білімді дәл осылай қолдану оқушыларға ХХІ ғасырдың дағдысы деп жиі айтылып жүрген кең ауқымды құзыреттілікті меңгеруге мүмкіндік береді.

ХХІ ғасырдың дағдысы деген ұғымның бірнеше анықтамасы бар. Өндірістен қол үзбей оқу бағдарламасының бір бөлігі ретінде Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ) Құзыреттерді анықтау және іріктеу жобасының шеңберінде жасаған кұрылымды пайдаланады. Бұл жерде құзырет «жай ғана білім мен дағдыдан анағұрлым жоғары мәнге ие. Ол белгілі бір мәнмәтіндердегі психологиялық ресурстарды (оның ішінде дағдылар мен өмірлік ұстанымдарды) жұмылдырады және соған сүйене отырып күрделі міндеттерді қанағаттандыру мүмкіндіктерін қамтиды. Мысалы, тиімді қарым-қатынас құру қабілеті жеке адамның тіл білуіне, ақпараттық технологиялар саласындағы тәжірибелік дағдыларына және оның өзгелермен қарым-қатынас құра алуына сүйенетін құзырет болып табылады».

НЗМ ДББҰ (2011) оқу бағдарламаларын әзірлеу барысында оқушылардың бойында қалыптастыру қажет рухани құндылықтар мен дағдылардың тізімін құрды:

Рухани құндылықтар	Дағдылар
<ul style="list-style-type: none"><li>шығармашылық және сын тұрғысынан ойлау</li><li>коммуникативтік қабілеттер</li><li>өзгелердің мәдениетіне және көзқарастарына құрметпен қарау</li><li>жауапкершілік</li><li>денсаулық, достық және айналадағыларға қамқорлық көрсету</li><li>өмір бойы оқуға дайын болу</li></ul>	<ul style="list-style-type: none"><li>сын тұрғысынан ойлау</li><li>білімді шығармашылық тұрғысынан қабылдау қабілеті</li><li>мәселелерді шешу қабілеті</li><li>ғылыми-зерттеу дағдылары</li><li>коммуникативтік дағдылар (тілдік дағдыларды қоса)</li><li>жеке және топпен жұмыс жасай алу қабілеті</li><li>АКТ саласындағы дағдылар</li></ul>

Пәннің оқу бағдарламасында жоғарыда келтірілген құндылықтар мен дағдылар ескеріліп, пән бойынша білім деңгейі, дағдылар мен құзыреттіліктер қарастырылады. Жоғарыда аталған құндылықтар мен дағдылар қазақ тілінде оқытатын мектептердегі қазақ тілінің оқу бағдарламасында белгіленген, пәннің оқу бағдарламасы стандартты оқу жоспарының негізі болып табылады.

«Бүкіл әлемде зерттеулер оқу бағдарламалары мен бағалау стандарттарының оқыту үдерісіндегі күтілетін нәтижелерді тұжырымдауда маңызды рөл атқаратынын анықтады».

Гриффин және басқа авторлар (2012)

Гриффин және басқа авторлар (2012) оқу бағдарламаларын реформалау барысында стандарттарды тұжырымдауға бағытталған білім беру реформалары барынша анық әрі айқын бола түскенін айтады. Англия, Германия, Норвегия, Сингапур және Австралия сияқты елдерде оқу бағдарламаларына қосымша жолдама құжаттамалар әзірлеу нәтижесінде мұғалімдер мен оқушылар үшін нақты күтілетін нәтижелер белгіленген. Бұл әдісті Қазақстанның барлық мектептерінде күтілетін нәтижелерді белгілеу үшін пайдаланылады. Оқушылардың нені білуі және істей алуы керектігін анықтаудағы мұндай нақтылық бүкіл

Қазақстан бойынша күтілетін тұрақты жоғары нәтижелерді қамтамасыз етуге көмектеседі және мұғалімдерге оқу бағдарламасын тиімді орындау үдерісін жеңілдетеді.

### **Оқу бағдарламаларының теңестірілуі**

Жоғары көрсеткіштерге жеткен білім беру жүйелеріне талдау жасау оқу бағдарламасының «теңестірілуі» елдегі білім беру стандарттарын жетілдіру үшін аса маңызды болып табылады (Шмидт және Прават, 2006). Оқу бағдарламалары мәнмәтінінде «теңестіру» оқу жоспарын бекіту үшін қажетті және өзара жақсарту үшін бірлескен жұмыста қолданылатын барлық компоненттерді қамтиды (Оутс, 2010). Демек, оқу бағдарламасының мазмұны, педагогикалық әдістеме және бағалау тәсілдері бір мақсатқа жұмылдырылуы тиіс (Роуч и др., 2008).

Бұл төмендегі сызбада көрсетілген:



Бұл оқу бағдарламалары мен бағалау модельдері белгіленген жүйелік деңгейге ғана емес, әрбір сыныптағы жұмысқа да қатысты болып табылады. Мұғалімдер өздерінің оқыту қызметі оқу бағдарламасының іске асырылуына қолдау көрсететініне, ал бағалау оқушыларға қажетті ақпаратты жеткізуге және олардың жетістіктеріне қолдау көрсетуге көмектесетініне сенімді болуы керек. Сонымен қатар, мұғалімдер үшін тиімді оқытудың түйінді үш компонентінің – оқу бағдарламасы, педагогикалық әдістеме мен бағалау жүйесінің маңыздылығына назар аударылады.

Қазақ тілінде оқытатын мектептердегі қазақ тілін оқытудың мақсаты пәннің оқу бағдарламасында белгіленеді (оқу жоспарының негізгі құжаты). Оқу жоспары мен кәсіби оқытудағы ұсынылған шаралар мен жаттығулар арқылы оқушылардың алға қойған мақсатына жетуіне көмектесу үшін мұғалімдердің қажетті тәсілдерді қолдануы ынталандырылады. Кешенді бағалау стратегиясы оқушылардың оқыту мақсатына қатысты ілгерілеуі мен білімінің артуын анықтауға арналған қосымша әдістерді пайдаланады.

Қазақ тілінде оқытатын мектептердегі қазақ тілі пәнінің мұғалімдерін оқытуға арналған бұл әдістемелік құралдың мазмұны мен құрылымына төмендегі бөлімдерде түсінік беріледі.



Оларда оқу жоспарына сәйкес реттілікпен пәнге шолу жасалып, сондай-ақ теориялық негіздемелерді қамтитын бөлімдер ұсынылады.

- Қазақ тілінде оқытатын мектептердегі қазақ тілінің оқу бағдарламасын әзірлеу;
- Қазақ тілін оқытуда қолданылатын педагогикалық тәсілдер;
- Қазақ тілін оқытуда критериалды бағалауды қолдану.

## ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ ОҚЫТАТЫН МЕКТЕПТЕРДЕГІ ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ ШОЛУ

Қазақ тілі Қазақстандағы мемлекеттік тіл және ол барлық қазақстандықтарды біріктіретіндіктен, ұлттық бірліктің басты факторы болып табылады. Қазақ тілі – уақыт ағымынан алынған адамдардың өмірлік тәжірибесін көрсететін аса бай тіл. Қазақ тілінде оқытатын мектептердегі қазақ тілі оқушылардың ана тілі болғандықтан, көптеген басқа пәндерді оқытудың құралы ретінде қолданылады, сондықтан ол оқу жоспарында өзекті орын алады.

Қазақстандықтардың өзара түсіністік кепілі мемлекеттік тілді құрметтеу және елдегі ұлтарарлық қатынасты нығайту болып табылады. Қазақ тілін түсіну мен сөйлей білу білім мен ойлаудың жоғары деңгейіндеі жаңашыл таңдау, талдау қабілеті бар ұрпақты жетілдіруге ықпал етеді, адами құндылықтар мен әртүрлі шынайы өмірлік жағдайларға бейімделіп, мәселелерді шешуде өзін көрсетуге дайын және адамдарды анықтаудың маңыздылығы (Қазақ тілінде оқытатын мектептерге арналған қазақ тілінің оқу бағдарламасы, 5-11 сыныптар).

### **Білім беру бағдарламасын реформалаудың алғышарттары**

Қазақ тілінде оқытатын мектептердегі қазақ тілі пәні бойынша білім беру мазмұнының жаңартылуы «Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы» Президент Жарлығына сәйкес қолға алынған (ҚР Президентінің 2011 жылғы 29 маусымдағы №110 Жарлығы). Бұл Бағдарлама қазақ тілі өмірдің барлық салаларында көшбасшы болады деген бағдармен қатар қазақ тілі сияқты жоғары деңгейде орыс тілі мен ағылшын тілін де үйренумен айналысатын жастарға бағытталған. Осы үш тілді бірдей жоғары деңгейде үйрену үшін еліміздегі білім беру бағдарламасын жаңартуға бағытталған бірлескен күш-жігер қажет.

Еліміздің түрлі өңірлеріндегі қазақстандық оқушылардың тілдерді меңгеру деңгейі бір-бірінен ерекшеленеді (негізінен, екі тілді меңгеруде – қазақ және орыс тілдерін). Оқу жоспарын дайындау барысында соңғы жылдардағы тілдік үрдістер, оның ішінде «бүкіл Орта Азия республикалары арасында Қазақстан анағұрлым орыстанған» (Дэйв 2003, Матускивисц дәйектемелері, 2010) кеңестік кезеңмен салыстырғанда, 1989 жылдан бастап «қазақ тілінің ықпал ету саласының анағұрлым кеңеюі» (Фирман, 2006) фактілері де ескерілді. «Қазақстан облыстарының демографиялық және лингвистикалық құрамындағы үлкен айырмашылықтарға» (Фирман, 2006) қатысты жаңартылған білім беру бағдарламасын ұсыну үшін қазақ тілінде оқытатын мектептердегі қазақ тілі және орыс тілінде оқытатын мектептердегі қазақ тілі бағдарламалары кез келген басқа мақсаттарға бағытталған үміттерді ақтай отырып, оқушыларға бағытталуы тиіс. Пән бойынша оқу бағдарламалары (мысалы, Пиагет, 1967) жас үйренушілерді олардың нені білетіні, не істей алатыны және оларда қалыптасқан сол дағдылардың сындарлы мазмұны ретінде қарастыратын сындарлылық теориясына құрылады. Әрбір тіл үшін нақты бір сыныптағы және сыныптардың арасындағы алға ілгерілеу оқушының өздігінен істей алатыны мен дамыта оқытудың және мұғалімдердің көмегімен неге қол жеткізе алатыны арасындағы айырмашылықты көрсететін жақын арадағы даму аймағы тұжырымдамасын ескереді (Выготский, Вуд және басқа авторлар, 1976), Оның мәні оқыту мен үйретудің қажеттілігі оқушының өзіндегі бар білімі мен тәжірибесімен байланыста болуы керек. Сондықтан да мұғалімдер оқушы оқытудың әр кезеңінде көрсететін тілдік құзыреттілігінің тұтас ауқымын ескеруі қажет.

Қазақ тілінде оқытатын мектептердегі қазақ тілі және орыс тілінде оқытатын мектептердегі орыс тілі бойынша жаңартылған оқу бағдарламаларын әзірлеуде оқу жоспарларының екі тіл үшін ұқсас, барабар мазмұнда дайындалуы ескерілді. Бұл белгілі бір тілді оқыту үдерісін айрықшалауға, жекелеуге жол бермейді. Бұл мәселе «Еуропадағы тілдік білім беру саясатын дамыту бойынша нұсқаулық» тақырыбы аясында Еуропа Кеңесінде талқыланған (2007). Мұғалімдердің 11-12-сыныптарға арналған жаңартылған оқу бағдарламасына енгізілген екі тілді қалай оқыту керектігін білген пайдалы (сондай-ақ,

оқушылар сөйлей алатын басқа тілді білу де). Соның нәтижесінде олар үйренушілердің бір-бірімен құзыреттіліктерімен алмасу мүмкіндігін барынша жақсартып алады. Көптілділікке басымдық беру басқа пәндерді оқытуда да аса маңызды, сондықтан оқытудың мұндай тәсілі өте пайдалы болып табылады. Жаңартылған барлық құжаттардың жалпы құрылымы оқытуда басқа оқу бағдарламаларымен танысуға ықпал етеді.

Сонымен қатар, жаңартылған оқу бағдарламалары оқытудың бір тілден екінші тілге көшуіне көмектесе отырып бар құзыреттіліктерін кеңейтеді (мысалы, мәтінді оқи білу). Төменде «тілдік жүйелілік» мақсатында жасалған жаңартылған оқу жоспарынан табуға болатын сипаттамалар берілген:

- тілді оқыту мақсатының ауқымын нақты айқындау;
- тілді оқыту (тілдік қызмет түрлерінің атауы) мен сипаттауда (тұжырымдамалар мен жіктелімі) қолданылатын терминдерді біршама реттеу;
- бағалау әдістерін реттеу («Еуропадағы тілдік білім беру саясатын дамыту бойынша нұсқаулықтан»).
- Білім беру саласында үш тілді тең дәрежеде дамытуға қолдау көрсету бұдан былайғы қолдау осы мәселені мектептер қалай қабылдайды және қалай іске асырып жатыр соған қатысты орын алады. Олар тиімді педагогиканы «тілдік шараларды қуатты қолдау немесе оқушылардың тілді үйренуге тән дағдыларын дамытуға көмек беретін» үш тілде оқыту үшін қолайлы орта туғызатын қуатты қолдау ретінде түсінеді.

Оқылым, жазылым, айтылым және тыңдалым дағдыларына оқушылардың жас ерекшеліктері мен оқыту деңгейінің ықпалымен қатар барлық тілдік оқу бағдарламалары да мұғалімдерге сыни ойлау дағдыларын дамыту, нақты тапсырмаларды және қызметтің барлық түрін орындау, білімнің көпқырлы болуына және оларды қолдануға құрметпен қарауды қалыптастыру сияқты аспектілерді ескеруге көмектеседі. Сөйтіп, олар оқушылар ақпарат пен білімді енжар қабылдап қана қоймай, белсенді түрде оқи алатын «оқушылар үшін тиімді оқу ортасын қалыптастыру үшін тамаша іргетас құрады» (Бейкер және т.б. 2014).

### **Қазақ тілінде оқытатын мектептердегі қазақ тілінің оқу бағдарламасын жаңартудың мақсаты**

Қазақ тілінде оқытатын мектептердегі қазақ тілін оқыту оқушылардың тілдік дағдыларын қалыптастырады, сондықтан да олар өз ана тілін құрметтей, оның әлеуметтік маңызын ұғына алады. Бұдан басқа да бұл тілді дұрыс қолданып, тілдік нормаларды бұзбауға үйретеді, оқушылардың жатық сөйлеп, сауатты жазуды меңгеруіне мүмкіндік береді.

Қазақ тілінде оқытатын мектептердегі қазақ тілі сөздік қорды молайтуға, тілдік сауаттылықты жақсартуға ықпал етіп, басқа адамдармен еркін сөйлесуге мүмкіндік береді, сондай-ақ ойлануды және жаңа білімге ұмтылуды үйретеді. Оқушылар аудио- және бейне материалдар тыңдаған кезде өз пікірлерін білдіреді, түсінуді, оны пайдалануды, кеңейтуді, талдауды, қорытынды шығаруды, әдеби және әдеби емес мәтіндерді мақсатына қарай бағалауды үйренеді.

Аталған бағдарламаның негізгі қағидаты – коммуникативтік тәсіл арқылы оқушының тіл туралы, ұлттық және жаһандық мәдениеттің маңызы туралы түсінігін кеңейте отырып қазақ тілін табысты үйрету.

Қазақ тілінде оқытатын мектептердегі қазақ тілін оқыту үдерісінде оқушылар:

- қазақ тілінің әлеуметтік қызметін таниды;
- тілдік мәдениеттің әлеуметтік мәнін түсінеді;
- әдеби тілдің лексикалық, грамматикалық, стилистикалық, пунктуациялық нормаларын, сондай-ақ лексикалық бірліктерді дұрыс айту және дұрыс жазуды үйренеді;
- өз пікірін еркін, ашық білдіруге үйренеді (ауызша да, жазбаша түрде де);
- нақты жағдайларға сәйкес қарым-қатынас дағдыларын қолдана алады (Қазақ тілінде оқытатын мектептердегі қазақ тілінің бағдарламасы, 5-11 сыныптар).

Қазақ тілінде оқытатын мектептер мен орыс тілінде оқытатын мектептерде қазақ тілін оқыту мен үйрету арасындағы айырмашылық

Бихевористикалық көзқарастар бойынша, ана тілін үйрену ұқсату, еліктеу, тәжірибеде үйрену, өзінде бар дағдыларды сәтті қолдану арқылы қажетті әдеттер мен дағдыларды қалыптастыру нәтижесінде жүреді. Екінші жағынан, өзге тілді үйренушілердің ана тілін үйрену барысында қалыптастырған әдеттері мен дағдылары болады – бұл тілді қабылдау тәсілін өзгертеді (Лайтбоун және Шпада, 2013).

Лайтбоун және Шпада (2013) өз ана тілін үйрену барысында қалыптасқан әдеттер мен дағдылар өзге тілді үйрену әдеттерімен араласып кетуі мүмкін деп алаңдаушылық білдіреді. Хомски (Ричардс пен Роджерс, 2001) ана тілін баланың ойлауының табиғи тілдік модулі негізінде қарастырады. Балада барлық тілді басқаруға қатысты нақты қағидаттар туралы UG (әмбебап грамматикалар) туа біткен білімі бар. Сондықтан мұғалімнің рөлі оқушылар естіген немесе пайдаланған грамматикалық құрылымның әртүрлілігіне негізделе отырып, тілді нысаналы оқыту мен үйрету арқылы әмбебап грамматиканы күшейту және дамыту болып табылады. Пән бойынша оқу бағдарламасындағы оқытудың мақсаты оқытудың әр кезеңінде оқушылардан күтілетін қиындық деңгейіне назар аударады.

Крашен өзге тілді үйрену барысында «табиғи тәртіп» бар деп болжаған, яғни грамматикалық құрылымды үйрену белгілі бір реттілікпен жүзеге асады. Алайда табиғи тәртіп гипотезасы ана тілін үйренуде де, өзге тілді үйренуге қатысты да қолданылады, дегенмен, ана тілін үйрену тәртібі өзге тілді үйренуден әрдайым ерекшеленіп отырады (Лайтбоун және Шпада, 2013).

Сонымен қатар, Крашен екінші тілді үйрену түсінікті ақпараттың (i+1) қолжетімділігіне негізделеді деп болжайды, яғни оқушылар үйренетін ақпараттар мен деректер олардың өз деңгейінен үнемі жоғары болып, әрдайым ілгерілеу болып отыруы тиіс (Лайтбоун және Шпада, 2013).

## ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ ОҚЫТАТЫН МЕКТЕПТЕРДЕГІ ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫН ӘЗІРЛЕУ

Қазақ тілінде оқытатын мектептердегі қазақ тілін оқыту үш бағыт бойынша құрылған. Бұл бағыттар ана тілін оқытудың 4 негізгі дағдысын бейнелейді:

- 1-бағыт: айтылым;
- 2-бағыт: тыңдалым;
- 3-бағыт: оқылым;
- 4-бағыт: жазылым.

Одан әрі негізгі бағыттар дағды немесе тақырып, білім немесе түсінік деңгейіндегі бөлімдерге бөлінеді. Бөлімдер санат бойынша бөлінісін білдіріп, оқу мақсаттарын айқындайды. Оқу мақсаттары әрбір бағыт бойынша ілгерілеуді білдіріп, мұғалімдердің жоспарлауына және бағалауына, оқушылармен алдағы қадамдары туралы ойларымен бөлісуіне мүмкіндік береді.

Айтылым және тыңдалым бағыты оқушылардың тыңдалатын материалдағы ақпаратты түсіну және жауап алу мүмкіндігін қамтамасыз етеді; негізгі идеяны анықтау, күрделі талдау және астыртын ойды аша білу, сондай-ақ өздерінің естігендерін бағалай білуге қабілеттілікті қамтамасыз етеді.

Оқылым бағыты оқушылардың мәтіннің мазмұны мен лексикасын ұғынуға, мәтіннің өзіндік ерекшеліктерін анықтауға, әртүрлі оқылым стратегияларын қолдануға, сондай-ақ әртүрлі мәтіннен қажетті ақпаратты тауып, салыстыруына мүмкіндік береді.

Жазылым бағыты оқушылардың өздерінің жазуын жоспарлай білуіне, әртүрлі стильдер мен жанрларда жаза білулеріне; мәтіндерді салыстыруға; дұрыс грамматика мен пунктуацияны қолдана білуіне, сондай-ақ мәтінді өзгерту және түзете білу дағдыларын үйренуіне мүмкіндік береді.

Қазақ тілінде оқытатын мектептердегі қазақ тілі бойынша оқу бағдарламасының маңызды қағидаты оқу бағдарламасының спиральділік қағидаты болып табылады.

### Спиральді оқу бағдарламасы

Спиральділік қағидаты бойынша құрылған оқу бағдарламасы Джером Брунердің «*Білім беру үдерісі*» (1960ж.) атты еңбегінде қарастырылған танымдық теорияға негізделеді. Оның пікірінше, ең күрделі материалдың өзі дұрыс құрылымдалып, дұрыс ұсынылатын болса, оны тіпті кішкентай балалар да түсіне алады.

Брунер адамның танымдық қабілеті үнемі жетіліп отырады және оқу бағдарламасы «спиралінің» дамуы туралы ақпарат беру үшін қолданылатын үш дискретті сатыдан тұрады деп тұжырымдайды:

- белсенді (жұмыс үдерісінде білім алу);
- белгілік (суреттер мен бейнелердің көмегімен білім алу);
- таңбалық (сөздер мен сандардың көмегімен оқу).

Брунердің жұмысына негізделген, спираль тәрізділік қағидаты бойынша құрылған оқу бағдарламасының негізгі ерекшеліктері:

- оқушы мектептегі оқу үдерісінің барлық кезеңінде тақырыпты немесе пәнді бірнеше рет қайталап оқиды;
- әрбір қайталап оқыған сайын тақырыптың немесе пәннің күрделілігі арта түседі;
- жаңа тақырыпты өту алдыңғы тақырыптармен тығыз байланысты және алдыңғы алынған ақпараттың мазмұны аясында қарастырылады.

Спираль тәрізділік қағидаты бойынша құрылған оқу бағдарламасын жақтаушылар оның

төмендегідей басымдықтарына назар аударады:

- оқушы пәнді қайталап оқыған сайын ақпарат бекітіліп отырады;
- спираль тәрізділік қағидаты бойынша құрылған оқу бағдарламасы жеңіл идеялардан анағұрлым күрделі идеяларға қисынды жолмен ауысуды жүзеге асыруға мүмкіндік береді;
- оқушыларға бұрын алған білімдерін курстың мақсатына жетуде жетістіктерге қол жеткізу үшін қолдану ұсынылады.

Орта білім мазмұнын жаңарту аясында әзірленген оқу бағдарламалары оқушылардың бір сыныптан екінші сыныпқа өтуі кезінде білімі мен дағдылары қайталанып тексеріліп отыратын спиральділік қағидаты бойынша құрылған оқу бағдарламасы моделіне негізделген. Оқу үдерісінің алға ілгерілеуі айқын көрінуі үшін, оқу мақсаттары өзара тоғысқан бөліктер мен бағыттарға біріктірілген.

Спиральді оқу бағдарламасының құрылымы 5-9-сыныптарға арналған оқу бағдарламасының оқыту мақсаты 10-11 сыныптарға арналған пәндік бағдарламалармен қатар қойып қарастырған кезде анық көрінеді.

Оқушылардың сыныптан сыныпқа көшу барысында алға ілгерілеуіне орай, олар өздерінің 4 тілдік дағдыны меңгеріп, түсінуіне анағұрлым сенімді бола түседі. Мысалы, оқушылардың спиральді оқу бағдарламасының «оқылым» бағыты бойынша алға ілгерілеуі айқын көрінеді, себебі білім алушылар ақпараттың ауқымын барған сайын кеңейтіп, қайта қарап отырады.

<b>5-сынып</b>	Кейіпкерлердің әрекетінің нәтижесінде іске асқан автордың идеясына қатысты қорытынды шығару.
<b>6-сынып</b>	Мәтіннің әртүрлі бөлігінен немесе әртүрлі мәтіннен ақпарат алу, берілген тапсырманы аяқтау
<b>7-сынып</b>	Нақты бір көзқарасты анықтау, мәтіндегі ақпарат пен дәлелдеменің бірізділігін бөліп қарау
<b>8-сынып</b>	Автордың көзқарасы тұрғысынан өз пікірін, келісімін немесе келіспеушілігін нақтылау
<b>9-сынып</b>	Мәтіндегі негізгі қорытындыны табу және салыстыру, нақты көзқарасты нақтылау
<b>10-сынып</b>	Нақты көзқарасты бекітіп, негізгі қорытындыны табу үшін мәтінді оқу
<b>11-сынып</b>	Әлемдік әдеби шығармалардағы нақты көзқарасты дәлелдейтін негізгі қорытындыны салыстыру

## ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ ОҚЫТАТЫН МЕКТЕПТЕРДЕ ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ОҚЫТУ ТӘСІЛДЕРІ

Мұғалімдердің пайдаланатын оқыту әдісі (яғни, педагогикалық әдістемелер) оқушыларды оқытудың ең жоғары стандарттарын қамтамасыз ету үшін маңызды. Хэтти (2011) білім беру шараларының оқушыларға әсерін талдау үшін жүргізілген 60 155 педагогикалық зерттеу аясында 9000-нан аса метаталдау әдісін пайдаланды. Олар мұғалімдердің педагогикалық шеберлігі алдында қол жеткізген жетістіктерден кейін оқушылардың алға жылжуына айтарлықтай септігін тигізетінін дәйекті түрде көрсетті. Мұғалімдер пайдаланатын әдіс оқудың тиімділігіне елеулі әсерін тигізеді. Педагогикалық әдістемелерді жетілдірмей тұрып, оқу бағдарламасын өзгерту білім беру стандарттарына қатысты реформалау шараларының мүмкіндіктерін және нәтижелілігін төмендетеді.

Білім беру бағдарламасының, оқыту тәсілдерінің және бағалаудың қалай құрылуы қажеттігінің мысалын Хименес-Алейхандренің дәлелдерді құрудың оңтайлы оқу ортасына арналған ұсынысынан көруге болады (2008, Катчевич және басқа авторлар, 2011)

1) Оқушылар оқу үдерісіне белсене қатысады. Олар білімдерін бағалауы, өздері ұсынған қорытындыларының дәлелдерін ұсынуы және бір-біріне сын тұрғысынан қарауы тиіс.

2) Мұғалімдер оқушыларға бағытталған және дәлелдерді құру мен талдауға арналған рөлдік модельдер ретінде әрекет ететін *оқыту тәсілдерін* қолданады.

3) *Білім беру бағдарламасы* проблемаларды шешудің тәсілдерін қамтуы тиіс.

4) Оқушылар мен мұғалімдер пікірлерді *бағалауда* білікті болуы тиіс және оқушылар тек жазбаша тестілеу бойынша ғана бағаланбауы тиіс.

5) Оқушылар өздерінің алған білімдерін қолдана алуы және білімдердің қалай алынғанын талдай білуі тиіс.

6) Оқушылардың диалогке және бірлескен оқуға қатысу мүмкіндігі болуы тиіс.

Бұл талдаудағы 3-тармақ білім беру бағдарламаларын әзірлеуге қатысты. Алдыңғы бөлімде талқыланғандай, қазақ тілінде оқытатын мектептердегі қазақ тілінің оқу бағдарламасы бойынша оқыту мақсаты оқушылардан жазылым дағдысына қоса айтылым, тыңдалым, оқылым дағдыларын пайдалануды талап етеді. Сондай-ақ, (4) «қазақ тілін оқытуда критериалды бағалауды қолдану» тарауында бағалау стратегиясы анағұрлым толық қарастырылатын болады. Бұдан басқа педагогиканың әртүрлі аспектілері қарастырылады: белсенді оқу, бірлескен оқу, тұлғаға бағдарланған оқыту әдістері.


Педагогиканың барлық осы аспектілері сындарлы оқыту теориясымен үйлеседі. Сындарлы оқыту тәсілдері білім берудің «дәстүрлі» әдістерімен салыстырғанда, оқыту кезінде жоғары нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді (Хэтти 2011). Сындарлы оқыту тәсілдері оқушылардың алдыңғы білімдерімен ұштастыра отырып, жаңа білім алуы туралы тұжырымдамаға негізделеді.

Бұл жерде ең маңыздысы: оқушылардың алдыңғы алған дағдылары жаңа дағдыларды меңгеруге үлкен ықпалын тигізеді, ал егер ол ескерілмесе, онда білім тереңге бармай, үстірт меңгерілген таяз білім болмақ. Мұндай үстірт білім оқушыға қазіргі әлемде жетістікке жету үшін қажетті жоғарыда аталған сын тұрғысынан ойлау, рефлексия және басқа да аспектілерді, алған білімді қолдануына кері әсерін тигізеді. Оқушылар білімді толықтай меңгеру үшін ақпаратты енжар қабылдамай, сабаққа белсенді қатысуы керек. Оқушылардың алған білімдерімен жұмыс істеуге, оны әрі қарай өңдеп, өз дағдыларын арттыруға мүмкіндік беретін қызметтермен айналысуға мүмкіндіктері болуы аса маңызды болып табылады.

### **Тізбектелген сабақтар топтамасы**

Қазақ тілінде оқытатын мектептердегі қазақ тілінің әр блогына арналған оқу жоспарлары оқылым, тыңдалым, жазылым дағдыларын және нақты тақырыпты зерттеу үшін айтылым дағдыларын біріктіреді. Белсенді және аудио-бейне тәсілдері бар жоспарлау мен оқыту үлгісі осындай оқытудың табыстылығы мен жылдамдығын нақтылады, оның өзінде

тілді грамматикалық құралдар жиынтығы емес, коммуникативтік мақсатқа қол жеткізу әдісі ретінде тілмен жұмыс жасайтын оқушылардың жоғары уәжі мен қарым-қатынасы байқалады (UKLA, 2014). Тізбектелген сабақтар топтамасы оқушылардың тіл туралы (метатіл) айту мүмкіндігін ұлғайту үшін көрсетілген, бұл оқылым, айтылым, жазылым және тыңдалым арқылы жақсы көрініс табады (UKLA, 2014).



Тізбектелген сабақтар топтамасы (жоғарыда келтірілген диаграммада түсіндіріледі) негізгі үш идеяға негізделеді. Біріншісі – сапалы, жақсы мәтіннің маңыздылығы және оқушылар өз «дауысын» іздеу арқылы оқылым үдерісінде шабыттана алатыны. Екінші – жазылымның барлық аспектілерін үйрету барысында мәнмәтіннің астарлы мәнін мойындау, нақты айтқанда, жазылым мәнмәтінсіз – тақырыпсыз, мәтінсіз немесе тәжірибесіз тиімді бола алмайды. Үшінші идея – жазылым үдерісі басталғанға дейін идеяны жан-жақты зерттеу мен дамытудың қажеттілігі, бұл оқушыларға тек «дауыс» қана емес, сонымен қатар, мазмұн мен ескеру қажет нәрселерді де ұсынуды қамтиды.

Сондай-ақ тізбектелген сабақтар топтамасында жақсы мұғалімдер оқылым мен жазылымды дамыту үшін айтылым мен тыңдалымды қолдану мүмкіндіктерін қарастырады. Барлық оқушылар оқу мен жазуды үйренуден бұрын алдымен тыңдау мен сөйлеуді үйренеді. Сонымен қатар, оқушылар әлеуметтік өзара әрекет үдерісінде жазылым мен оқылым дағдыларына қарағанда, өздерінің айтылым және тыңдалым дағдыларын көбірек жетілдіреді. Сондықтан оқушыларға осы бағыттарда көбірек жұмыс істеуге мүмкіндік беріледі:

- Біз идея мен жазба жұмысының жоспарын ойластыруға уақыт береміз;
- Біз түсіндіреміз және жауап беруге дейін ойларын жинақтауға мүмкіндік береміз;
- Біз түсінікті бекітеміз және нені үйренгендеріңіз туралы айтуға мүмкіндік береміз;
- Біз жазбаша нұсқаны алғанға дейінгі идеяға қатысты жылдам жауап аламыз;
- Біз мәселелерді бірлесе шешуге мүмкіндік береміз.

Оқыту үдерісінде мұғалімдер сыныптағы жағдай аясында бұл үдерістің маңызды, жақсы ұйымдастырылуына жағдай жасап, тиімді айтылым мен тыңдалымды қолдайтын бірқатар стратегиялармен танысады.



Қазақ тілінде оқытатын мектептердегі қазақ тілінің оқу бағдарламасы мен оқу жоспары аясында оқушылардың аудио-бейне материалдарға қатысты сұрақтарды тыңдап, жауап беруге мүмкіндіктері бар. Аталған жаттығулар тізбектелген сабақтар топтамасында не сабақты бастауда ынталандыратын, не мүмкіндік сияқты, не идеяны оқу немесе жазуға дейін жинақтау мүмкіндігі ретінде орны бар. Сондықтан да оқылым, жазылым, тыңдалым және айтылым дағдылары бір-бірімен өзара тығыз байланыста кешенді түрде оқытылады.

### **Белсенді оқу**

Белсенді оқу оқушының мұғалімді енжар тыңдап қана қоймай, белсенді жұмысқа тартылуын көздейтін оқыту және оқу әдістерінің бірі болып табылады. Қазақ тілінде оқытатын мектептердегі қазақ тілі сабағында топтық және жұптық жұмыстар, рөлдік ойындар мен дебаттар қолданылады. Қызметтің мұндай түрлері оқушылардан өздері тапқан ақпаратты талдау және түсіндіру үшін зерттеу және жоспарлау дағдыларын қолдануды талап етеді, басқаларды оқыту нәтижелері бойынша таныстырылымдарды, болашақта өз дағдыларын жақсарту мақсатында басқа нәтижелерді бақылауды және талдауды қажет етеді.

Оқу үдерісі, өзінің табиғаты бойынша ойлаудан тұруы керек және ми құрылымында өзгерістер туғызуы керек. Ми неғұрлым белсенді жұмыс істеген сайын, оқу үрдісі соғұрлым қарқынды жүзеге асады. Хэтти (2014) біздің адам миы ақпаратты өңдеп, оны түсінуге мүмкіндік беретінін, ал мұғалімнің тоқтаусыз сөйлеуі миға шамадан тыс аса көп ақпарат «жүктемелейтіні» және ол оқушылардың қызығушылығын жоғалтуға әкеліп соғатыны, сол сәтте оқудың нәтижелілігі айтарлықтай төмендеп кететіні туралы біздің хабардар екенімізді сипаттайды. Ал белсенді оқу, керісінше, оқушылардың белсенді қызметпен айналысу арқылы мұғалім берген ақпараттың мәнін ұғынып, алған білімдерін есте сақтап, оны қолдана алуын қамтамасыз етуді көздейді. Хэттидің мидың қызметін талдай отырып жүргізген шолуы дағдыларды меңгерту шеберлігі тек іс жүзіндегі белсенді қызмет арқылы жүзеге асатынын, демек, оқушылар тек тыңдаумен айналыспай, білім алуда белсенді әрекет етуі керек екендігін көрсетеді.

Қазақ тілінде оқытатын мектептердегі қазақ тілі бағдарламасы аясындағы әрбір бөлім нақты тақырыпқа негізделеді. Бұл оның негізінде қазақ тілін оқытуды сыныпта зерттеушілік немесе проблеманы шешуге бағдарланған оқытумен біріктіруге мүмкіндік береді. Бұл – белсенді оқыту принциптерін түсіндіретін, өте қуатты педагогикалық тәсіл. Ол сондай-ақ оқушылар бірлесе талқылай алатын, дәлелдерді қалыптастырып, талдай алатын тиімді мәнмәтін болып табылады (Катчиев және т.б. 2011).

### **Белсенді оқудағы мұғалімнің рөлі**

Қазақ тілінде оқытатын мектептердегі қазақ тілін оқытудың мақсаты кез келген тілдік тапсырмада төрт тілдік дағдыны еркін қолдану болып табылатындығына қарамастан, мұғалімдердің немқұрайлық танытпай, оқушыларға «осыны жеңуге» мүмкіндік беруі аса маңызды.

Выготский оқуға «әлеуметтік құбылыс» деген анықтама берді, сондықтан да оқушылар өздігінен белгілі бір жетістіктерге қол жеткізген нүктеден өздерінің Жақын арадағы даму аймағына дейінгі «өздерінің қамалын тұрғызады» (ЖАДА, Выготский, 1978). Оқушылар өз ЖАДА-сында жұмыс жасағанда оған «құрылыс ағаштары» ретінде қолдау қажет. Мұндай құрылыс ағаштары мұғалімдер, тәуелсіз сарапшылар, жұмыс парақтары, кітаптар немесе қолдаудың басқа да түрлері ретінде болуы мүмкін. ЖАДА қағидаты – оқушы жеке оқу кезінде қол жеткізгенімен салыстырғанда, сабақ үстінде неғұрлым көбірек үйренуге тырысуы керек («құрылыс ағаштары»).

Оқушылардың жетістікке жету шамасына қарай оған енді мұндай аса қамқорлықпен қолдау көрсету қажет болмайды, олар енді өздігінен жұмыс істей алады. Осындай оқыту әдісін әрі қарай дамыту үшін мұғалімдер бастапқыда оқушыға жақсы қолдау көрсетіп, кейін оны біртіндеп азайтып отыруы керек. Сырттан көрсетілетін қолдау нөлге жеткенде ғана оқушылар жоспарлы нәтижеге қол жеткіздім деп айта алады. Егер оқушыларға өзі білетін дағдыларды

ғана қолдануға рұқсат етілсе, олар ештеңені үйренбейді. Рата (2012) өзін тек «үйлестіруші» ретінде ұстайтын мұғалім мұғалім деп аталуға лайықты емес деп тұжырымдайды.

Хэтти (2009) педагогикалық тәсілдердің метаталдауын жүргізген. Ол мұғалімдер «үйлестіруші» және «катализатор» болып табылатын тәсілдердің әсерін салыстырды. Ол қолданған тәсілдерді салыстыру үшін, 0 – ілгерілеудің жоқ екендігін, 0,4 – ілгерілеудің бір жыл мерзімін және 1 – ілгерілеудің екі-үш жылын білдіреді. Мұғалім тек үйлестіруші рөлін атқарған тәсілдердің орташа әсері – 0,17, мұнымен салыстырғанда мұғалім катализатор болған (мәселен, кері байланысты қамтамасыз ету, оқыту шеберлігі, күрделі мақсаттар қою және т.б.) оқыту тәсілдерінің орташа әсер көрсеткіші 0,60 болған.

Терең зерттеу мұғалімдердің оқушылардың алған білімдерін алдыңғы білімдерімен ұштастыра отырып, пайдалануын бақылау дағдыларына сүйенеді. Бұл үдеріс әр оқушының жеке дағдысы мен қабілеттеріне байланысты әртүрлі мәнге ие. Сол себепті мұғалімдер әр оқушы үшін оқу үдерісінің келесі қадамдарын анықтап, әрі қарай ілгерілеуіне септігін тигізу үшін жекелеген оқушыларды үнемі бағалап отыруы керек. Оқудың келесі қадамдарын анықтау үшін ақпаратты бақылау және пайдалану соңғы 20 жыл ішінде халықаралық деңгейде танылды және метаталдаудың көмегімен білім беру шараларының табысты түрлерінің бірі ретінде танылды (Блэк және Уильям, 1998).

### **Оқушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру және кері байланыс**

Оқушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру және кері байланыс жаңа оқу бағдарламасының оқу жоспарын рәсімдеуде маңызды рөлге ие. Блэк және басқа авторлар (2003) оқушылардың үлгеріміне мұндай әдісті қолдану оң нәтижелерін беретінін айтады және мұны өзге танымдық талдаулар да дәлелдеді.

Бірінші кезеңнің маңызы оқушылардың мықты тұстары мен олардың кездестіретін қиындықтарын анықтаудан тұрады. Бұл көп жағдайда оқушылардың ауызша жауаптарын бақылау арқылы және жазбаша жұмыстарын оқып тексеру арқылы жүзеге асады. Сонымен қоса, бұл ақпарат әр оқушының үлгеріміне көмектесетін педагогикалық қызметтерді жоспарлау үшін пайдаланылады.

Бұл үдерісті нәтижелі етуге көмектесетін бірнеше элементтер бар:

- мұғалімдер оқушылар қателік жіберуге қорықпайтын, өздігінен шешім қабылдау мәдениетін қолдайды;
- мұғалімдер барлық оқушылармен қарым-қатынас жасайды, бұл оқушылар жұмысының сапасын бағалау тәсілдерін қалыптастыруға көмектеседі;
- мұғалімдер оқушылардың оқу мақсаттарына жетуіне мүмкіндік беру үшін оқу мақсаттарын құру және кеңейту арқылы, мақсаттарды бақылау және оқытуды түзету арқылы оқу үдерісінің ашықтығын қамтамасыз етеді;
- мұғалімдер әртүрлі оқушылардың түрлі қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін оқушылардың түсінуін бағалау тәсілдері мен оқытудың әртүрлі әдістерін үйлестіре қолданады;
- мұғалімдер оқушылардың жұмыстары туралы ауызша және жазбаша пікір береді, бұл пікірлер айқын және нақты критерийлерге негізделген болып табылады.

ЭЫДҰ (2005)

Оқу бөлмесі негізінен күрделі орта болып табылады және белсенді оқу тек оқыту мен оқудың анағұрлым дәстүрлі түрлерімен салыстыру арқылы ғана осы күрделіліктің артуына жағдай жасайды. Мұғалімдер «сыныпты қарапайымдандыру» (мұғалімнің сабақта тыныштық сақталуын қадағалауы, өзінің сөйлеуі) орнына, мағынаны түсіну құзыреттіліктерін, заңдылықты байқай алуды, шешім қабылдау мен болжауды және олар түзете алатын және құрастыра алатын аспектілерді бақылауды қалыптастыруы қажет» ортада «қалыптасқан жағдай туралы хабардар болуды» дамытулары керек (111-б.). Мұндай хабардарлық мұғалімдер өздерінің тәжірибе жүзіндегі қызметі мен оқушылардың үлгеріміне тигізетін ықпалы туралы ойланып, ой елегінен өткізген жағдайда ғана дамитын болады. Сол себепті

оқыту осындай ойлау дағдысын арттыру үшін және оқу бағдарламасындағы белсенді оқу бойынша дағдыландыру үшін қажетті ықшамсабақты қамтитын болады.

### **Оқушыларды уәждеу**

Оқушыларды уәждеу тәсілдері әдетте сыртқы және ішкі деп бөлінеді. Алайда, оларды қатаң түрде екіге бөліп талдағаннан гөрі, ажыратуға келмейтін біртұтас ретінде қарастырған орынды болар (Vallerand, 2000). Сыртқы уәжді (оқушыға сырттан әсер ететін факторларға негізделген) арттыруға арналған тәсілдер Б.Ф. Скиннер (1953) ұсынған бихевиористік қағидаттарға негізделеді. Сөз болып отырған тәсілдер жағымды мінез-құлықты нығайтып, кері тәртіпті шектеуді қамтамасыз ету мақсатында кері байланысты (соның ішінде мадақтау мен кінәраттау) қолдануды көздейді.

Екінші қырынан алғанда, ішкі уәж іштен шығып жатады немесе жеке тұлғаның өзінен туындайтын, бастау алатын уәж, әдетте сыртқы уәжге қарағанда бұл анағұрлым рақымды, ізгілікті табыс деп есептеледі (Hunt, 1969/1971 cited Walford, 2003). Оқушылар оқудан ләззат алып, оны қызықты деп санағандықтан, оқуға белсенді атсалысу арқылы табысқа жетуін ішкі уәждің мысалы ретінде келтіруге болады.

Бұл ретте оқытудағы негізгі мәселе мұғалімдердің оқушылардың уәжін, атап айтқанда, ішкі уәжін қалай арттыра алатындығында болып отыр. Мұғалімдер жұмыстың жақсы екенін мойындап, оны мадақтау арқылы сыртқы уәжді қолданады, айталық, қазақ тілінде оқытатын мектептердің қазақ тілі мұғалімдері оқушылардың жақсы жазылған жазбаша жұмыстары үшін оқушыларды мақтай алады, ал өз мүмкіндігін толық пайдаланбай отырғандар оқушыларға бұл дұрыс еместігін айтып, ұрса алады. Дегенмен, зерттеулер көрсетіп отырғандай, сыртқы уәжді қолдану ішкі уәжді бәсеңдетуі ықтимал.

Мәселен, Деки (1971) оқушыларға басқатырғышты шешу жөніндегі өте қызықты жаттығу беріп, кейбір оқушыларға жақсы орындағаны үшін сый алатынын айтады. Эксперимент өткізуші экспериментке қатысушыларға бұл тапсырманы әрі қарай орындамай, пазл және өзге де кедергі келтіріп, көңілді бөлетін нәрселер (соның ішінде журналдар) жатқан бөлмеде қалатындықтарын жеткізеді. Осындай еркіндік берілген кезде сырттан марапат алатындарын білетін қатысушылар тапсырманы орындауға аз ғана уақыт бөлуді ұйғарып, ал марапат туралы білмегендер жұмыстарын жалғастыра берді. Басқа сөзбен айтқанда, сыртқы уәждеуші фактордың болуы оқушылардың ішкі уәжіне кері әсер етті.

Осы бір негізгі жаңалық басқа да бірқатар зерттеулерде дәлелденді (reviewed Ryan and Deci, 2000). Білім беру саласы үшін бұның тілге тиек етерлік айтарлықтай маңызы бар. Танымдық бағамдау теориясына сәйкес (Deci and Ryan, 1985), жеке тұлға өзінің құзыретінің жетпейтінін немесе дербестігі шектеулі екенін білген жағдайда, сыртқы уәж ішкі уәжді өшіре алады. Айта кетерлік жайт, керісінше болған жағдайда, нәтиже бұндай болмайды. Мысалы, өзінің құзыреттігі жететінін сезетін оқушы автоматты түрде ішкі уәжі мол екенін көрсете бермейді (Ryan and Deci, 2000).

Ішкі уәжді өсіретін немесе өшіретін бұл факторлардың сәйкессіздігі факторлар туралы зерттеулердің метаталдауы барысында да анықталды. Айталық, орта мектеп оқушылары (11-16 жастағылар) бұл факторлардың олардың уәжіне ықпалы бар екеніне сенеді. Зерттеу қорытындысы бойынша, оқушылардың білімге құштарлығы күшті болады, алайда білім алу барысында ол бәсеңдей береді (немесе тіпті өшіп қалады). Мұғалімдер ең бірінші кезекте оқушының осы туа біткен қызығушылығын аялап, оны білім алу үдерісіне тарту арқылы баланың ішкі уәжін барынша өсіруге ұмтылулары керек. Себебі олар ішкі уәжін жоғалтқан болса, оны ояту қиынға соғады. Мұғалімдер сыртқы уәждеуші факторларға жүгінуде абай болғаны абзал, өйткені ол ішкі уәжге кері әсер етуі мүмкін.

- Оқушылар сабақты «ойын-сауық», алуан нұсқада және белсенді өтетін үдеріс деп санаған жағдайда;
- мұғалім оқытудың бірлескен әдістерін қолданған жағдайда;
- оқушылар жаттығуларды пайдалы және жағдайға сай келеді деп қабылдаған жағдайда оқушы оқуға белсенді араласады деп күтуге болады.

Қазақ тілінде оқытатын мектептердегі қазақ тілінің білім беру бағдарламасы белгілі бір әрекетке емес, оқу мақсаттарына бағдарланған. Бұл мұғалімдерге оқушылар үшін қызықты әрі оларға сәйкес келетін әдіс-тәсілдерді таңдай отырып, тақырыпты барынша қызықты етіп жеткізуге мүмкіндік береді. Бұл оқушылардың ішкі уәжін тұрақты етуге септігін тигізеді. Бұл идеяларды қалай қолдану туралы ұсыныс «Мұғалімге арналған нұсқаулықта» берілген.

### **Модельдеуші мұғалім**

Модельдеуші мұғалім тікелей оқыту қағидаттары мен оқытудың сындарлы тәсілін үйлестіріп қолданады. Мұғалім оқу мақсатын қоя отырып, үйретілетін ұғымдар мен дағдыларды тікелей көрсету арқылы оқуға жетекшілік етеді. Алайда, сұрақ-жауап және бірлескен жұмыс арқылы сабақты барынша интерактивті етіп, оқушыларға бағыттауға болады. Қазақ тілінде оқытатын мектептердің қазақ тілі мұғалімдерінің біліктілігін арттыру курсына мұғалімдер белсенді оқылым мен бірлескен жазылым жаттығуларын модельдеу әдістерін зерделейтін болады, бұл өз алдында тиімді айтылым және тыңдалым дағдыларын қалыптастырады, мысалы, оқушылардың сынақ жүргізіп, тыңдаушылармен сұрақ-жауап алмасу немесе басқа адамдардың ойларына қатысты байыпты жауап беру дағдылары дамиды.

«Оқыған кітап туралы пікір алмасу» ұғымы (Holdaway, 1982) оқушыларды оқыту ортасында мәтінмен жұмыс істеу барысында осы үдерістен қанағат алуға жетелеу тәсілі ретінде зерттелген болатын. Зерттеу жүргізілген көптеген жылдар ішінде көптеген елдерде «бірлескен оқу» деген атпен тараған оқылым стратегиясы кең қанат жайды. Станнорд (2007) осындай оқылымның артықшылықтарының бірін былай сипаттайды: «балалар мәтінді ұғынып, онымен жұмыс істеуге көңіл бөліп, мәтіннің ерекшеліктерімен, оқылым мінез-құлқымен, тілдің қалай құрылымдалғанымен және т.б. танысып жатқанда, мұғалім мәтіннің мәнін ажыратумен байланысты қиын жұмыспен айналыса алады». Осылайша, мәтінге талдау жасағанда оны жай ғана түсініп қана қойғанша, осы әдісті қолдану анағұрлым пайдалы болмақ.

Қазақ тілінде оқытатын мектептердің қазақ тілі мұғалімдерінің біліктілігін арттыру курсы кезінде мұғалімдерге 5-11-сыныптарға сәйкес келетін мәтін табуға мүмкіндік беріледі. Бұл мәтіндердің көмегімен бірлескен оқылым әдісі арқылы барлық оқушылар өздерінің дербес оқи білу деңгейінен тыс жатқан, жоғары сапалы мәтіндерді талдап, олармен жұмыс істеп және осы жұмыстан рахат алуын қамтамасыз етеді.

Бірлескен жазылым әдісін қолданғанда мұғалім жазушы болу дегеніміз не екенін көрсетеді: табысты жазушы болу үшін мәтінді құрастыру, ауызша қайталау, оны жазу және қайтадан оқып шығу үдерістері қамтылады, сонымен қатар, әртүрлі нысандарда, әдеби (әңгімелер мен өлеңдер) және әдеби емес (ақпараттық мәтіндер) мәтін түрлерінде сөз, сөйлем және мәтін деңгейінде жазылым жүйесі қандай рөл атқаратынын түсіндіру көзделеді.

Бірлескен жазылым әдісі қарастырылатын сабақ – оқытудың интерактивті түрі, онда мұғалім алдымен көрсетеді, содан кейін жазушы рөлінде әрекет етеді; содан кейін оқушыларға қолдау ала отырып, мәтінді құрастыруға мүмкіндік берердің алдында оқушылардың идеяларын жинақтап, оларды толықтырып түзетеді. Мұндай тәсіл оқушыларға өздерін соншалықты табысты сезінуге мүмкіндік береді, себебі жеке жұмыс барысында олар өздерін бұлай сезіне алмайды. Бергер (2003) оқушыларға «жетістікке жақын екендігін көруге мүмкіндік берілсе, бұдан кейін бұл оқушылар осыған дейін болғанындай енді ешқашан болмайды». Ол өзінің жаңа бейнесін, жаңа мүмкіндіктерін көреді. Содан құлшыныс, алға ұмтылу туындайды» деп мәлімдейді.

Бірлескен жазылым арқылы мұғалім жазылымның мақсаты мен оған кім қатысып отырғанына басым көңіл бөледі, сөйтіп нақты аудиторияға ықпал етіп, нақты мақсатқа жету үшін қажетті көркем құралдарды, сөздік қорды және сөйлем құрылымын анықтайды. Оқу жоспарында әрбір бөлім белгілі бір аудиторияға арналған белгілі бір мақсатта жазылған мәтін түзуге бағытталған, мысалы, біз іскер адамға қаржылық қолдау көрсету туралы ашық хат жазу (10-сынып, 1-бөлім). Біліктілікті арттыру курсы кезінде мұғалімдер әрбір бөлім аясындағы жұмыстың мақсатын және оның кімге бағытталғанын анықтауға, сонымен бірге белгілі бір оқу мақсаттары мен мәтін түрлерін ол мәтіннің мақсатымен және кімге арналғандығымен байланыстыра отырып, осы мәліметтің бәрін бірлескен жазылым жаттығуы орындалатын

сабақты жоспарлауда қолдануға мүмкіндік алады.

Анағұрлым тиімді мектептер арасында жүргізілген зерттеу барысында Фратер (2002) анағұрлым табысты мұғалімдер мақсат пен аудиторияға баса назар аударатынын анықтады:

«Мектептер бір қызық парадоксқа кезігіп отыр – бүкіл әлемде аса тиімді тәсіл ретінде қарастырылып отырған «жазылым» үдерісі олардың назарынан тыс қалған, ол мектеп аясында біршама жасанды көрінеді... біз оларды жазып төселуге үйретудің орнына, шынайы мақсатқа жету үшін балалардан аз жазуды сұраймыз. Мектептерде жүргізілген зерттеу осындай құрылымдық қиындықпен күресуге ерекше назар аударуға ықпал етті: олар тапсырманы қызықты ете отырып, мақсатты атап көрсету арқылы өз оқушыларына бұл жазбаның кімге арналғаны туралы ойлануға көмектесті».

### **Қазақ тілінде оқытатын мектептердегі қазақ тіліндегі төрт тілдік дағды**

Тіл қарым-қатынас құралы болып табылады. Ол аудиторияға және жағдайға қарай әртүрлі болып келеді. Тілді оқыту әдістері мен тәсілдері аудитория мен мәнмәтінді ескере отырып, оқушыны тиімді білім алу үшін ауадай қажет болып табылатын дербестікке ұмтылуға ықпал етеді.

Қазақ тілінде оқытатын мектептердегі қазақ тілінің білім беру бағдарламасының үш бағыты төрт тілдік дағдыны қамтиды; тыңдалым және айтылым бір бағытқа біріктірілген.

### **Тыңдалым**

Тыңдалым – «анағұрлым маңызды тілдік дағды деуге болады», бірақ «қадағалау бәрінен де қиынға түсетін» дағды (Chand, 2007).

Шармо (1995) тыңдалым теориясы танымдық үдеріс деп түсіндіреді, бірақ Бак (2001) бұны екі бөлек ажыратып қарайды: танымдық және метатанымдық. Танымдық стратегиялар – түсінуге және қысқа мерзімді (жұмыс) жады/ ұзақ мерзімді жадыға қатысты үдерістер, ал метатану стратегиялары – бұл танымдық стратегияларды басқаратын ішкі сана әрекеті. Метатану стратегияларын дамыту мақсатында мұғалімдер оқушылармен «стратегиялармен бөлісіп», бұл «стратегиялар олардың түсінігін қалай жетілдіретінін тексеруге мол мүмкіндік ұсынуға» тиіс (Donohoo, 2013).

Дыбыстық ақпаратты түсініп, меңгеріп, бағамдау үшін тыңдалымның тиімді стратегиялары қажет. Тыңдалым дағдысын дамытуға арналған сабақты өткізудің негізгі мақсаттарының бірі оқушыларды тиімді тыңдауға үйрету, яғни ақпаратты түсіну үшін онымен не істеу керек екенін үйрету болып табылады (Mendelsohn, 1994). Бұл әдіс оқушыларға тиімді стратегияларды қалай анықтау керектігіне үйрететін тәсілге негізделген стратегияны қалыптастырады. Мендельсон (1994) стратегия дегенде әрекетті, қадамдар мен техникаларды меңзейді.

Рубин (1975) үздік тілдік стратегиялар тілді жақсы меңгерген оқушыларды дайындауға мүмкіндік береді деп есептейді, алайда ол тыңдалымды оқыту оқылым, жазылым және айтылымға қарағанда анағұрлым қиынырақ деген болжам айтады. Мендельсон (1995) мұғалімге оқушылардың білімін тексеруге емес, оның тыңдалым дағдыларын машықтандыруға, оларды жаттықтыруға баса назар аударуды ұсынады. Сондықтан, үздіксіз жаттыға беруді жоспарлау арқылы тіл мұғалімдері оқушыларына тыңдалым дағдысын шыңдап, метатану стратегияларды дамытуға көмектесе алады.

### **Айтылым**

Қазіргі заманғы көптеген жаңа тәсілдер ақпараттық-үдерістік модельге негізделеді. Левелт (1989) төрт үдерісті ұсынады: тұжырымдау (мәтінді жоспарлау), қалыптастыру (мәтін құру), артикуляция (мәтінді айту) және өзін-өзі бақылау (қателерді тауып, өз бетінше түзету). Оқушыны сөйлетудің алуан түрлі мақсаттары бар, айталық, қатысу (араласу) үшін сөйлеу, түсіндіру үшін сөйлеу, өз білімін байқату үшін сөйлеу, бағамдау үшін сөйлеу. Әр мақсат барлық төрт үдерістің болуын көздейді, алайда әрбір кезеңге жұмсалған уақыт ерекшеленетін болады.

Айтылым оның кімге арналғанына, мақсаты мен мәнмәтінге тығыз байланысты: бір мезгілде көптеген адам ауызша қарым-қатынасқа түсе алады немесе оның барысына ықпал ете алады. Жазылым тіліне қарағанда, айтылым тілінде грамматика толық сақталмайды,

шаблонды фразалар мен қайталамалар жиі қолданады. Соның нәтижесінде тыңдаушылар нашар жазылған мәтінге қарағанда, мардымсыз, сапасы нашар сөзге анағұрлым төзімді қарайды. Принг (2007) мұғалімдер оқыту мен оқудың барлық аспектілері бойынша оқушының сөйлегенінің маңызын мойындағанын қалайды, өйткені таным тұрғыдан қалыптасу барысындағы оқушылар үшін оның қалай жүретінін білген пайдалы.

Соған қарамастан, Дэвис (1996) сыныпта тиімді және нысаналы әңгіме жүргізу мұғалімдерге әдетте қиынға түсіп жататынын анықтады. Басқа дағдылар сияқты, айтылым дағдысына үйрету де жоспарлы түрде жүргізіліп, оған қолдау көрсетіліп, лайықты түрде бағамдалуы керек.

### **Жазылым**

Жазылым – бұл оқушылардан үйлесімді мәтін құру үшін көптеген күрделі дағдыларды меңгеруді талап ететін міндет. Дегенмен, оқушылар өздері меңгерген шеберліктерін үнемі көрсете бермейді, өйткені жазу барысында олар өз назарларын басқа дағдыға шоғырландырғандықтан, айталық, бай сөздік қорын көрсету мақсатында әдемі тілдік құралдарды қолданамын деп, тыныс белгілерін назарсыз қалдыруы мүмкін.

Флауэр мен Хайс (1981) жазу үдерісін авторлар шығарма жазу кезінде жүзеге асыратын ойлау үдерістерінің ерекше жиынтығы деп мәлімдейді; иерархиялық тұрғыдан бұл өте көпдеңгейлі үдеріс, әрі ол үдерістер өзара орын ауыстыра беруі мүмкін; жазушының бірнеше мақсаттарымен басқарылатын ойлаудың нысаналы үдерісі болып табылады және жазушы өз еркіне қарай өз мақсаттарын екі негізгі тәсілмен таңдайды: жоғары деңгейлі мақсат және жазушының мақсатты қалай іске асыратынын көрсететін қосымша мақсат белгілеу, екіншісі, жазу барысында үйренгендерін ескере отырып, мезгіл-мезгіл басты мақсатты өзгерту немесе мүлде жаңа мақсат белгілеу.

Мұғалім жазу үдерісінің әр кезеңінде оқушыларға қолдау көрсетіп отырады:

- *өз бетінше жазудың алдында* – идеяны тұжырымдауға қолдау көрсетеді, жоспарлаудың әртүрлі әдістерін модельдеп көрсетеді және бастапқы нұсқаны (нобайын) жазу үдерісін зерделейді;

- *жазу барысында* – оқушылардың нақты іріктелген лексикалық бірліктерді қолданғанын (тіркестерді таңдау), грамматикасы ережеге сай екенін (етістіктің шақтарын дұрыс қолдануы), сөздердің үйлесімдігі (байланыстырушы сөздердің қолданылуы) қадағалайды;

- *жазып болғаннан кейін* – жұмыстың алдын ала белгіленген табыс критерийлеріне сәйкестігін тексереді, түзетеді, жетілдіреді, мәтін аудиторияға сай келе ме, жоқ па, мақсатына сәйкес пе, жоқ па екенін анықтайды, жазудың одан кейінгі кезеңдерін талқылайды, қажет болса, оқуды күрделендіреді.

Жазылым үдерісін жоспар-нобай-түзету-жетілдіру түрінде модельдей отырып, әрі оқушыларға осы ретпен жұмыс істеуге жағдай жасай отырып, мұғалімдер оқушыларға кідіріс жасап, жазылым жаттығуы үшін талап етілетін барлық дағдыларға тоқталып, ойлануға мүмкіндік беретін жағымды ахуал қалыптастырады.

Феррис (1997) оқушылардың өз жазба жұмыстарына сыныптастарынан тікелей кері байланыс алуы олардың жазылым сапасына жағымды әсер ететінін анықтады. Берг (1999) сондай-ақ тиімді жазылым үшін қайта қараудың оң ықпалы зор екенін анықтады.

### **Оқылым**

Оқылым белсенді немесе бейтарап болуы мүмкін. Бейтарап оқылым – оқушылар мәтінге сыни талдау жасауды мақсат етпей, өзінің қызығушылығын қанағаттандыру үшін оқу үдерісі. Бұл оқушыларға мәтін түрлерінің ауқымы кең екенін, лексикасы мен мазмұны бай екенін көрсету үшін пайдалы болуы мүмкін, әрі оның балалардың сыныптағы оқуына жанама ықпалы бар екені сөзсіз. Мұғалім оқушыларды өз қызығушылығын қанағаттандыру үшін бейтарап оқылымды қолдануға түрткі бола білгені дұрыс, алайда сыныпта басты назарда белсенді оқылым тұруы қажет.

Белсенді оқылым – тілді оқытудың негізгі элементтерінің бірі (Simpson, 1996), бұндай оқылым барысында оқушы өзінің сыни талдау дағдыларын дамыту мен жетілдіру үшін мәтінмен жұмыс істеудің әртүрлі кезеңдерінде бірқатар әдіс-тәсілдерді қолданады. Белсенді оқылымды олар мәтінді игеру үшін, оқығанын терең түсіну үшін және сыни талдау

дағдыларын жетілдіру үшін пайдалана алады. Венден (1985) оқылым стратегиялары оқушының өз оқуына жауапкершілік ала отырып, өзінің оқудағы проблемаларын шешуге мүмкіндік береді деп қорытады.

Оқылым стратегияларының үш санаты бар:

- *оқылымның алдында* – оқушылар мәтін мазмұнын терең ұғу үшін, сонымен қатар оқылымды барынша тиімді қолдануға көмектесу үшін суреттерді, тақырып атауларын және басқа да элементтерді қалай пайдалану керектігін үйренеді;

- *оқылым барысында* – маңызды ақпаратты ұсақ-түйектен қалай ажырату керектігін, соның ішінде оқылым жылдамдығын қалай арттырып, бейтаныс сөздердің мәнін қалай жырату керектігін үйренеді;

- *оқып болғаннан кейін* – оқушылардан қайталап оқуды, белгілі бір ақпаратты табуды және қорытындылауды сұрауға болады.

Карелл (1998) оқушылар үшін оқылым стратегияларын біліп қана қоймай, сондай-ақ сәйкес келетін әрі тиімді стратегияны таңдай білу де маңызды екенін атап көрсетеді. Қазақ тілінде оқытатын мектептердің оқушылары үшін негізгі мақсат олардың оқылымның тиісті стратегияларын өз берінше анықтап пайдалана білуі болып табылады.

Камбурн (1988) оқылымға арнап мәтін таңдаған кезде мәтіннің деңгейіне ғана мән беріп қоймай, сонымен бірге мәтіннің мазмұны да қызықты болуына назар аударғаны жөн деп тұжырымдайды. Себебі мәтін оқушылардың деңгейіне сай келіп, әрі олар үшін қызықты немесе маңызды болатын болса, оқушылардың ол мәтінді зерлеу үдерісі де барынша табысты болмақ.

Мұғалімдердің біліктілігін арттыру курсы барысында мұғалімдер әртүрлі жастағы және қабілеттері әртүрлі оқушыларға арнап қолданғысы келетін стратегияларды анықтап, сондай-ақ ол стратегиялардың оқушылардың танымдық дағдысын дамытуға ықпалын бағамдауға мүмкіндік алады.

## **ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ ОҚЫТАТЫН МЕКТЕПТЕРДЕ ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚИТУДЫ КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ**

Критериалды бағалау кезінде оқушылардың үлгерімі алдын-ала белгіленген критерийлердің нақты жиынтығының көмегімен өлшенеді (Глазердің енгізген ұғымы, 1963). Бұл нормаға негізделген бағалаудан өзгеше. Нормаға негізделген бағалау кезінде оқушылардың үлгерімі олардың сыныптастарының үлгерімімен салыстырылып қойылады.

Оқушылардың ана тілі ретінде қазақ тілін оқудағы үлгерімі екі тәсілмен бағаланады: қалыптастырушы бағалау (ҚБ) және ішкі жиынтық бағалау (ІЖБ). ҚБ күнделікті оқытудың бір бөлігі ретінде күнде қолданылады. ІЖБ әр тоқсанның соңында және оқу жылының соңында оқушылардың үлгерімін бағалау үшін қолданылады. Оқушыларға тоқсандық және жылдық жалпы бағалар төмендегі арақатынаста есептеледі: 50% ҚБ және 50% ІЖБ.

Оқуды аяқтағанда оқушылар сыртқы жиынтық бағалаудан өтеді (СЖБ). Сондықтан мектеп бітіруші оқушының қорытынды бағасы ҚБ, ІЖБ және СЖБ-дан тұрады.

### **Қазақ тілінде оқытатын мектептерде қазақ тілін оқытуды қалыптастырушы бағалау**

Қалыптастырушы бағалау оқыту мен оқудың ажырамас бөлігі болып табылады. Алуан түрлі жаттығуларды орындата отырып, мұғалімдер оқушылардың оқу мақсаттарына «жеткендігінің» немесе «талпынатындығының» дәлелдерін іздейді. Әрбір оқушы үшін оқу мақсатына жетудегі оқушының үлгерімін көрсететін портфолио жинақталып, ол қалыптастырушы бағалау үшін қолданылуы мүмкін. Портфолиода көптеген деректер қамтылуы мүмкін, соның ішінде:

- жазбаша жұмыстар (мысалы, жұмыс дәптерлері, бағалау журналы, үй тапсырмалары, оқушылар жазбалары);
- фотосуреттер немесе бейне дәлелдемелер (мысалы, көркемсурет жұмыстары, сыныптағы көрме, модельдер, таныстырылым, оқушылар қатысқан музыкалық көрсетілім және оқушылар қатысқан іс-шаралар);
- электронды жазбалар (мысалы, таныстырылымдар, құжаттар, анимациялар);
- мұғалімнің жазбалары немесе сабақты қадағалау жазбалары;
- ата-аналардың пікірлері.

Біліктілікті арттыру курсы кезінде Оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау жөніндегі мұғалімге арналған әдістемелік нұсқаулыққа жүгіну қажет. Бұл құжат мұғалімдерге оқу бағдарламасындағы оқу мақсаттары тұрғысынан оқушылардың үлгерімінің дәлелдерін жинап, олар бойынша шешім шығаруға септігін тигізеді.

Жиналған дәлелдемелердің сипаты дәстүрлі тест көмегімен анықтау қиынға түсетін дағдыларды бағалауға мүмкіндік беретінін байқатады. Дарлинг-Хаммонд мен Печеоне (2010) бұл әдіс «оқушылардың проблемаларды шешу үшін ақпаратты іздеу және ұйымдастыру, зерттеуді жоспарлау және жүргізу, деректерді талдау және жинақтау, осы үйренгендерін жаңа жағдайларда қолдану сияқты жоғары деңгейлі ойлау дағдыларын дамытуға және көрсетуге мүмкіндік береді» деп мәлімдейді.

Нақты бағалау критерийлері болған күннің өзінде де қалыптастырушы бағалау кезінде баға қою әлі де күрделі үдеріс болып табылады және мұғалімдер олар бойынша түсініктеме бере алады. Мұғалімдер қойған бағаның сенімділігі мен дәлелділігін арттыру мақсатында модерация қолданылады. Блэк және басқалар (2011) бұл үдеріс екі қадамнан тұрады деп сипаттайды:

«Стандарттау мысалдардың жалпы жиынтығының негізінде оқытуды көздейді, одан кейін, мектептер өз жұмысында жалпы стандарттар мен критерийлерді қолдануға құзыретті болады деп болжанады. Модерацияның талаптары анағұрлым қатал, ол жыл сайын ағымдағы шынайы деректерді белгілей отырып, мектепшілік және мектепаралық кездесу өткізуді талап етеді».

Модерация кәсіби оқудың маңызды бөлігі болып табылады және тәжірибе жүзінде



критерийлер қандай болатыны туралы пікірталасты қамти отырып, мұғалімдерге ол критерийлер қатысты болып табылатын стандарттарды түсінуде көмектеседі. Мұғалімдер оқу мақсаттарына жету үшін оқушыларға үлгерімдерін жақсартуға көмек көрсету мақсатында идеялармен және тәсілдермен алмаса алады. Әріптестермен кәсіби диалог мұғалімдерге өз пәндері аясында оқушылардың үлгерімі туралы анық түсінуге мүмкіндік беретіндіктен, модерацияның бағалауға да, оқуға да оң әсер ететіні дәлелденді (Gardner et al, 2010).

### **Қазақ тілінде оқытатын мектептерде қазақ тілін оқытуды ішкі жиынтық бағалау**

Ішкі жиынтық бағалау (ІЖБ) тоқсанды немесе сыныпты аяқтау кезінде оқу мақсаттарына сәйкес оқушылардың алған білімдері мен жинаған дағдыларының нәтижесін бағалай отырып, қалыптастырушы бағалау нәтижелерін толықтырады. Мұғалімдер мен оқушылар алға ілгерілеуді анықтау үшін бағалау нәтижелерін пайдалана алады. Әр тестінің құрылымы мен ұзақтығы туралы және оларды басқару әдістері туралы ақпаратты тиісті пән мен сыныпқа арналған ІЖБ тест спецификациясынан табуға болады. Тест спецификациясы ІЖБ-ға арналған мазмұнның нысаны мен салаларын көрсетеді және жыл сайын ІЖБ өткізуге негіз болады. Әр пән мен сыныпқа арналған тест спецификациясы құжаты төмендегі ақпаратты қамтиды:

- әр сыныпқа арналған тестінің ұзақтығы;
- әр сыныптың әр тестісі үшін берілетін баға саны;
- алынған бағаның бағалау мақсатымен арақатынасы;
- сұрақтар үлгілері мен баға сызбасы;
- әрбір тесті жүргізуге арналған тәжірибелік талаптар.

Критериалды бағалау моделі және оны оқытуда қалай қолдану туралы толық ақпаратты «Критериалды бағалау моделі: бастауыш, орта және жоғары сыныптар» атты мұғалімдерге арналған нұсқаулықта ұсынылған.

## БАҒДАРЛАМАҒА ШОЛУ

### **Бағдарламаның мақсаттары:**

- Мұғалімдерді қазақ тілінде оқытатын мектептердегі қазақ тілі пәнінің жаңартылған оқу бағдарламасының құрылымымен, ондағы материалдардың күрделілігінің өсу ретімен, мазмұнымен және мақсаттарымен таныстыру;
- Мұғалімдердің қазақ тілінде оқытатын мектептердегі қазақ тіліне арналған жаңартылған оқу бағдарламасына сәйкес келетін педагогикалық тәсілдерді қалай әзірлеу керектігін түсінуін, қолдана және модельдей білуін қамтамасыз ету;
- Мұғалімдердің қазақ тілінде оқытатын мектептердегі қазақ тіліне арналған жаңартылған оқу бағдарламасынан күтілетін нәтижелерге қол жеткізу мақсатында критериалды бағалау жүйесін түсініп, қолдана білуін қамтамасыз ету.

### **Бағдарламаның міндеттері:**

- жаңартылған оқу бағдарламасы және онымен байланысты оқу жоспарлары туралы түсінік қалыптастыру;
- мұғалімдердің жаңартылған оқу бағдарламасын оқыту үшін қажетті дағдыларды меңгеруін қамтамасыз ету.

### **Күтілетін нәтижелер**

Мұғалімдер:

- білім беру бағдарламасының құрылымын;
- білім беру бағдарламасының мазмұны мен күрделілігінің өсу ретін;
- білім беру бағдарламасымен және оны іске асырумен байланысты құжаттамаларың мақсаты мен ресімделуін;
- білім беру бағдарламасында қолданылатын бағалау моделін;
- білім беру бағдарламасын іске асыруға көмектесетін тиісті педагогикалық тәсілдерді біледі және түсінеді.

## БАҒДАРЛАМАНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ


Бағдарлама оқыту мақсаттарын шолудан басталып, жалпы білім беруді реформалау жөніндегі кең ауқымды жұмыстарға қарай көшу түрінде құрылымдалған. Төмендегі оқу жоспарында көрсетілгендей, жаңартылған білім беру бағдарламасы, оның құрылымы, тиімді оқу үдерісін жүргізуге қажетті педагогикалық әдістемелермен және қолданылатын бағалау тетіктерімен жүйелі түрде таныстыруды қамтамасыз ету мақсатында бірнеше пәнде бірқатар ұқсас сабақтар бар.

Бұдан соң мұғалімдер білім беру бағдарламасының нақты пәндік аспектілерін меңгеруге кіріседі. Мұғалімдер білім беру бағдарламасына негіз болған теориямен танысып қана қоймай, бұл теорияны тәжірибе жүзінде іске асыруға қабілетті болуын қамтамасыз ету үшін оқыту тәжірибе жүзінде және белсенді өтеді.

Одан кейінгі бірнеше күн бойы мұғалімдер оқу бағдарламасы мен сабақ жоспарын талдауға уақыт арнайы.

Қорытындысында, мұғалімдер өзара рефлексия және метатану тапсырмаларын араластыра отырып, біліктілікті арттыру курсының оқу мақсаттары тұрғысынан өздерінің алға ілгерілеуін қарастырады.

Ересектерді оқытуда қолданылатын пәрменді тәсілдердің бірі – Колбтың оқу циклі. Дэвид Колб 1984 жылы әзірлеген бұл тәсіл эмпирикалық оқу теориясына негізделген. Циклде төмендегі мәселелер қамтылған:



Мысалы, курс барысындағы ықшамсабақтар өздерінің оқыту тәжірибесіне «эксперимент» жасау болмақ, ол рефлексия және талқылау кезеңдерімен ұласады. Пәннің ерекшеліктері қарастырылатын сабақтар кезінде жаңа теория («абстрактілі ұғыну») ұсынылып, ол ықшамсабақтардың келесі сатысында іс жүзінде қолданылады.

## ОҚУ ЖОСПАРЫ

<b>1-апта</b>			
<b>Күн</b>	<b>Күн тақырыбы</b>	<b>Сабақтың тақырыбы</b>	<b>Сағат саны</b>
1-апта: Жаңартылған білім беру бағдарламасына кіріспе			
1	Жаңартылған білім беру бағдарламасына кіріспе	1 Курсқа кіріспе	1.5
		2 Жаңартылған білім беру бағдарламасы	1.5
		3 Оқу бағдарламасы мен оқу жоспарының құрылымы	1.5
		4 Тілді дамыту	1.5
2	Тиімді оқыту және оқу	1 Тиімді оқыту мен оқудың сипаттамалары	1.5
		2 Белсенді оқу (1)	1.5
		3 Белсенді оқу (2)	1.5
		4 Оқу ортасы	1.5
3	Бағалау	1 Бағалау қағидаттары	1.5
		2 Критериалды бағалау моделі	1.5
		3 Қалыптастырушы бағалау	1.5
		4 Ішкі жиынтық бағалау (ІЖБ), Нәтижелерді жариялау, КБ-ға дайындық және КБ материалдарын шолу	1.5
4	Жаңартылған білім беру бағдарламасын іске асыру: жоспарлау және ресурстар	1 Жаңартылған білім беру бағдарламасы: оқу бағдарламасы және оқу жоспарлары	1.5
		2 Орта мерзімді және қысқа мерзімді жоспарлау (1)	1.5
		3 Орта мерзімді және қысқа мерзімді жоспарлау (2)	1.5
		4 Ресурстар	1.5
5	Тілдік білім мен дағдыларды дамытудың маңызы	1 Тілдік дағдыларды дамытудың маңызы	1.5
		2 Тілдік дағдыларға тән ерекшеліктер	1.5
		3 Тілдік дағдылардың маңыздылығына өзгелердің көзін жеткізу	1.5
		4 Жетістіктерді көрсету	1.5
<b>2-апта</b>			
<b>Күн</b>	<b>Күн тақырыбы</b>	<b>Сабақтың тақырыбы</b>	<b>Сағат саны</b>
2-апта: Жаңартылған білім беру бағдарламасы аясындағы педагогикалық тәсілдер			
6	Түсіну дағдылары және стратегиялары Тыңдалым дағдылары	1 Тиімді тыңдалымның анықтамасы	1.5
		2 Тиімді тыңдалым стратегиялары	1.5
		3 Тыңдалым жаттығуларын әзірлеу	1.5
		4 Тыңдалым жаттығуларын көрсету	1.5
7	Түсіну дағдылары және стратегиялары Айтылым дағдылары	1 Сөйлеу дағдыларын дамыту стратегиялары (1)	1.5
		2 Сөйлеу дағдыларын дамыту стратегиялары (2)	1.5
		3 Айтылым жаттығуларын әзірлеу	1.5
		4 Айтылым жаттығуларын көрсету	1.5
8	Түсіну дағдылары	1 Белсенді оқылым стратегиялары	1.5
		2 Белсенді оқылым стратегиялары: проблема шешу	1.5

	және стратегиялары Оқылым дағдылары	3 Оқылым жаттығуларын әзірлеу 4 Оқылым жаттығуларын көрсету	1.5 1.5
9	Түсіну дағдылары және стратегиялары Жазылым дағдылары	1 Жазылым дағдыларын дамыту стратегиялары 2 Жазылым жаттығуларын саралау 3 Сараланған жазылым жаттығуларын әзірлеу 4 Сараланған жазылым жаттығуларын көрсету	1.5 1.5 1.5 1.5
10	Оқушы жұмысының сапасын жетілдіруге арналған жаттығулар	1 Жұмысты жетілдіруге көмектесу үшін сөздік қорды байыту стратегиялары 2 Өзара түзетуді бағалау 3 Оқушы жұмысының сапасын жетілдіру жаттығуларын әзірлеу 4 Оқушы жұмысының сапасын жетілдіру жаттығуларын көрсету	1.5 1.5 1.5 1.5
<b>3-апта</b>			
<b>Күн</b>	<b>Күн тақырыбы</b>	<b>Сабақтың тақырыбы</b>	<b>Сағат саны</b>
3-апта: Жаңартылған білім беру бағдарламасы аясындағы педагогикалық тәсілдер Алға ілгерілеуді бағалау және келесі қадам туралы ойлану			
11	Зерттеу дағдыларын дамыту	1 графикалық органайзерлерді табуғ әзірлеу және қолдану 2 Зерттеу дағдыларын қалыптастыру 3 Зерттеу дағдыларын қалыптастыруға арналған жаттығуларды әзірлеу 4 Зерттеу дағдыларын қалыптастыруға арналған жаттығуларды көрсету	1.5 1.5 1.5 1.5
12	Мәтін түзу және өзгерту	1 Қолдау көрсету және күрделендіру мақсатында мәтінді түрлендіру 2 Тиімді сұрақ-жауап 3 Мәтін құруға арналған жазылым құрылымдарын әзірлеу 4 Мәтін құруға арналған жазылым құрылымдарын көрсету	1.5 1.5 1.5 1.5
13	Алға ілгерілеу және үлгерім	1 Табыс критерийлерін белгілеу (1) 2 Табыс критерийлерін белгілеу (2) 3 Бағалау жөніндегі нұсқаулық және табыс критерийі 4 Бағалау жөніндегі нұсқаулық және табыс критерийін көрсету	1.5 1.5 1.5 1.5
14	Тіл сабақтарын жоспарлау	1 Сабақ жоспарларын әзірлеу 2 Сабақ жоспарларын әзірлеу 3 Сабақ жоспарларын көрсету 4 Сабақ жоспарларын тексеру	1.5 1.5 1.5 1.5
15	Алға ілгерілеу мен ойлауды бағамдау	1 Ықшамсабақ жаттығуларын жоспарлау 2 Ықшамсабақ 3 Ықшамсабақ 4 Ықшамсабақты көрсету	1.5 1.5 1.5 1.5

<b>4-апта</b>			
<b>Күн</b>	<b>Күн тақырыбы</b>	<b>Сабақтың тақырыбы</b>	<b>Сағат саны</b>
4-апта: Бағдарламаны іске асыруға дайындық			
16	Курс өткізуге дайындық	1 Оқу бағдарламасы мен оқу жоспарын шолу	1.5
		2 Материалдар мен жаттығуларды шолу	1.5
		3 Материалдар мен жаттығуларды шолу	1.5
		4 тақырыптар мен ұғыдар кестесін әзірлеу	1.5
17	Курс материалдарын әзірлеу (1)	1 Оқу жоспарының 1 және 2-күндеріне арналған материалдарды қайта әзірлеу	1.5
		2 Оқу жоспарының 3, 4 және 5-күндеріне арналған материалдарды қайта әзірлеу	1.5
		3 Оқу жоспарының 3, 4 және 5-күндеріне арналған материалдарды қайта әзірлеу	1.5
		4 Өзара және өзін-өзі бағалау	1.5
18	Курс материалдарын әзірлеу (2)	1 Оқу жоспарының 6 және 7-күндеріне арналған материалдарды қайта әзірлеу	1.5
		2 Оқу жоспарының 8, 9 және 10-күндеріне арналған материалдарды қайта әзірлеу	1.5
		3 Оқу жоспарының 8, 9 және 10-күндеріне арналған материалдарды қайта әзірлеу	1.5
		4 Өзара және өзін-өзі бағалау	1.5
19	Курс материалдарын әзірлеу (3)	1 Оқу жоспарының 11 және 12-күндеріне арналған материалдарды қайта әзірлеу	1.5
		2 Оқу жоспарының 13 және 14-күндеріне арналған материалдарды қайта әзірлеу	1.5
		3 Оқу жоспарының 15-күніне арналған материалдарды қайта әзірлеу	1.5
		4 Оқу жоспарының 1-15-күндеріне арналған материалдарды бағамдау	1.5
20	Курс материалдарын түзету және түрлендіру	1 Оқу жоспарының 1-15-күндеріне арналған материалдарды түпкілікті редакциялау	1.5
		2 Оқу жоспарының 1-15-күндеріне арналған материалдарды түпкілікті редакциялау	1.5
		3 Курс материалдарының соңғы нұсқасын әзірлеу	1.5
		4 Курсты бағамдауға мүмкіндік беру	1.5

## САБАҚ КЕСТЕСІ

<b>Уақыты</b>	<b>Жаттығу</b>
9.00 – 10.30	<b>1-сабақ</b>
10.30 – 11.00	Үзіліс
11.00 – 12.30	<b>2-сабақ</b>
<b>Түскі ас: 12.30 – 14.00</b>	
14.00 – 15.30	<b>3-сабақ</b>
15.30 – 15.45	Үзіліс
15.15 – 17.15	<b>4-сабақ</b>

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТ

1. Бергер Р. (2003) Шеберлік этикасы: Оқушылармен бірге шеберлік мәдениетін құру. Портсмут: Хайнман
2. Биддлф, Дж. (2002) Оқуға біртіндеп қадам жасау тәсілі: Теория және зерттеу. Жаңа Зеландия: Оқытудың шектеулі құралдары
3. Блэк П. және Уильям Д. (1998). Қара жәшіктің ішінде: сыныпты бағалау тұрғысынан стандарттарды көтеру. Фи Дельта Каппан, 80 (2), 139-148
4. Блэк П. және басқа авторлар (2003). Оқу үшін бағалау және оның тәжірибе жүзінде жүзеге асуы. Опен Университи Пресс, Мейденхэд.
5. Блэк П. және басқа авторлар (2011). Мұғалімдердің қорытынды бағалауы сенімді нәтижелерді және сыныптағы оқу сапасын арттыруға көмектесе ме? Білім берудегі бағалау: принциптер, саясат және тәжірибе, 18 (4), 451-469
6. Камбурн, Б. (1988) Бүкіл тарих. Жаңа Зеландия: Эштон Схоластик
7. Чанд, Р. (2007) Бірдей өлшем бәріне келе бермейді: Оңтүстік Атлантика университетінің тыңдалым дағдылары бойынша зерттеулерінің талдау қорытындылары (USP). Бөлінген және икемді оқыту барысындағы зерттеулерге халықаралық шолу [S.I.], том. 8, № 3
8. Дарлинг-Хаммонд Л. және Печуан П. (2010). Білім берудің жоғары деңгейін қамтамасыз ететін теңдестірілген бағалау жүйесін қалыптастыру, жас ұрпақты бағалау жүйесі бойынша ұлттық конференция. Қолдау: К-12 Бағалау мен басқаруды іске асыру
9. Дечи И. Л. (1971). Сыртқы ынталандырудың ішкі уәжге әсері. «Тұлға және әлеуметтік психология» журналы. 18, 105–115.
10. Дечи И. Л., И Рьян Р. М. (1985). Адамның мінез-құлқындағы ішкі уәж және өзін-өзі билеу. Мәжіліс, Нью-Йорк.
11. Білім беру мен кәсіби дайындық департаменті (2007). Айтылым және тыңдалым дағдыларын жақсарту, Ноттингем: DFES
12. Донохоо, Дж (2013) Мұғалімдерге арналған жалпы зерттеу: Мектептегі оқытуды жетілдіруге арналған үйлестіруші нұсқаулығы. Калифорния: Корвин
13. Флауэр и Хейз (1981) “Жазылымның когнитивтік теориясы” Білім беру және ақпарат алмасу колледжі, том. 32, No. 4 Ағылшын тілі мұғалімдерінің ұлттық кеңесі. 365-387
14. Фратер (2002) 2-ші негізгі кезеңдегі жазылымның тиімді тәжірибесі. Бастапқы дағдылар агенттігі. 15-б
15. Гейдж, Дж. (2005) Себептер нысаны: колледждегі дәлелді жазылым (4-бас.). Лонгман.
16. Гарднер Дж. және басқа авторлар (2010). Мұғалімді бағалауды қалыптастыру. Опен Университи Пресс, Мейденхэд
17. Глейзер Р. (1963). Оқу технологиялары және оқу мақсаттарын бағалау. Америкалық психолог, 18 (8), 519-521
18. Гриффин П., Блинкли М., Эрстад О., Герман Дж., Райзен С. және басқа авторлар (2012). Жиырма бірінші ғасыр дағдыларын бағалау және үйрету. Спрингер. Сайенс энд Бизнес Медиа
19. Гатри, Дж.Т., У.Д. Шафер, Й. Й. Ванг, и П. Аффербах. (1995) “Нұсқаулықтың



- оқылған материалдар санына қатысы: әлеуметтік, когнитивті және білімділік арасындағы байланысты зерттеу.” Оқу үдерісіне бағытталған тоқсандық зерттеу, том. 30, №. 1: 8–25
20. Харт, Б. және Рисли, Т (2003) Ерте болатын апат: 30 млн сөздік бос орын. Америкалық мұғалім , т27 №1. 4-9.
  21. Хэтти, Дж. (2009). Көрінетін оқыту: Жетістіктерге байланысты 800-ден астам метаталдауды жинақтау. Рутледж, Абингдон, Біріккен корольдік
  22. Хэтти, Дж. (2011). Мұғалімдерге арналған көрінетін оқыту: Оқу үрдісіне әсерді барынша көбейту. Рутледж, Лондон
  23. Хэтти Дж. және Йейтс Г. (2014). Көзге көрінетін оқу және біздің қалай оқытынымыз туралы ғылым. Рутледж, Лондон.
  24. Хейс Д. (2000). Мұғалімдердің кәсіби дамуы және каскадты оқыту. ELT Джоурнал 54/2, Оксфорд Университи Пресс, Оксфорд.
  25. Катчевич, Д., Хофштайн, А. и Мамлок-Нааман, Р, (2011) Химиялық зертханадағы дәлелдеме: Сауал және нақтылаушы эксперименттер. Бейінді пәндерді оқытудағы зерттеу, 43. 317-345.
  26. Ко Дж., Саммонс П. және Баккум Л. (2013). Тиімді оқу: зерттеулер мен дәлелгерге шолу. CfBT, Оқылым.
  27. Крыстыняк, Р. А. и Хайккинен, Х. В. (2007) Химиялық зертханадағы кең түрдегі зерттеу кезінде вербалды өзара әрекетке талдау. Ғылымды оқыту саласындағы зерттеулер журналы 44(8), 1160-1186.
  28. МакБер Х. (2000). Мұғалім қызметінің тиімділігін зерттеу. Зерттеу есебі МОЗ 216. Норвич.
  29. Милованович М. (2014) Білім беру саласындағы ұлттық саясатқа шолу: Қазақстандағы орта білім беру. ЭЫДҰ.
  30. Муни, М., (1995) Қадамдап оқыту. – Оқитын адам бақылауда. Алдын ала оқыту К - 8, 25(5), 54б.
  31. Моршед М. және басқа авт. (2010). Дамыған әлемдік мектептер жүйесі қалай жетіле түспек? МакКинси және Компания, <http://mckinseyonsociety.com/how-на-миров-самых-улучшенные-школа-системы-держат-получать-better/>
  32. Оутс, Т. (2010). Бұдан да жақсы болуы мүмкін еді. Англияның Ұлттық оқу жоспарын жақсарту үшін халықаралық салыстыруларды пайдалану. Кембридж Университеті, жергілікті емтихандарды өткізу жөніндегі монополиялық бірлестік
  33. Қысқаша аналитикалық шолу ЭЫДҰ, қараша 2005 ж. Қалыптастырушы бағалау: орта сыныптар оқуын жетілдіру. <http://www.oecd.org/edu/cei/35661078.pdf>
  34. Рата, И. (2012). Білім берудегі білім саясаты. Роутледж, Абингдон, Біріккен корольдік
  35. Роуч А. Т., Ниблинг Б. С., Курц, А. (2008). Оқу бағдарламалары, нұсқаулар және бағалау арасындағы теңестіруді бағалау: ғылыми зерттеулер мен тәжірибелік қызметтер үшін іске асыру және қолдану. Мектептердегі психология. 45 (2), 158-176
  36. Робинсон, К. (2009) "Элемент: Өзіңнің құштарлығыңды табу барлығын қалай өзгертеді. Пингвин
  37. Рьян, Р. М. и Дечи, И. Л. (2000). Ішкі және сыртқы уәж. Классикалық анықтамалар және жаңа бағыттар. Білім берудің заманауи психологиясы 25, 54–67.
  38. Ричен, Д.С. и Салганик Л.Х. (ред.) (2003). Жобаның құзыреттіліктерін анықтау

және таңдау, Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы. ЭЫДҰ

39. Шлейхер А. (ред.). (2012). Жиырма бірінші ғасырға мұғалімдердің дайындығы және мектеп көшбасшыларының дамуы: әлемнің түкпір-түкпірінен сабақтар. ЭЫДҰ баспасы

40. Шлейхер, А. (2014). Дереккөз:

<http://oecdeducationtoday.blogspot.fr/2014/04/educating-for-twenty-first-century.html>

41. Шмидт В. және Прават Р. (2006). Оқу жоспарының келісімділігі және білімге ұлттық бақылау: мәселе ме жоқ па? Оқу жоспарын зерттеу журналы 38(6). 641-658

42. Саймон, С., Эрдуран, С. И Осбурн Дж. (2006). Дәлелдемеге қалай үйрену керек: аудиториядағы зерттеулер мен талдамалар. Халықаралық білім берудегі ғылым журналы 28 (2-3), 235-260.

43. Симпсон, А. (1996) “Сын тұрғысындағы сұрақтар: кімнің сұрақтары?” Оқу мұғалімі, том. 50, №. 2: 118–126

44. Смит К, Дэйкерз Дж, Дау У., Хэд Г, Сазерленд М, Ирвин Р (2005) 11-16 жастағы оқушылардың пікірі бойынша сыныптағы оқыту уәждемесіне не ықпал ететініне жүйелі шолу. В: Білім беру кітапханасындағы зерттеулер деректері. Лондон: Центр-ЕРРІ, Әлеуметтік ғылым саласындағы зерттеу бөлімі, Білім беру институты, Лондон Университеті

45. Шпигель, Д. (1998) “Проблеманың дұрыс шешімі, балалар және жууға арналған су: Сауаттылықтың пропорционалды бағдарламасына әсер етудің әдебиеттік тобы” Оқу мұғалімі, том. 12, №. 2: 114–124

46. Станнанд, Дж. И Хаксфорд, Л. (2007) Сауаттылық ойыны: Сауаттылықтың ұлттық стратегиясы жөніндегі тарих. Рутледж.44.

47. Тулмин, С. (1958). Дәлелдемелерді қолдану. Кембридж Юниверсити Пресс, Кембридж.

48. Уолфорд (2003) Сыныптағы оқыту мен үйрету Бек, Дж. и Ирл, М. (ред). Орта білім берудегі басты мәселелер (2-басылым), жалғасы, Біріккен корольдік, 53–59.

49. Виллем те Вельде Д. (2005) *Жаһандану және білім беру: Сауда, инвестиция және көші-қон туралы әдебиеттер бізге нені үйретеді?* Халықаралық даму институты, 254 жұмыс құжаты

50. Уиллер, К. *Тулминнің дәлелдемелер моделі.* Сайттан: <http://web.cn.edu/kwheeler/documents/toulmin.pdf>

19 қараша, 2014

51. Еңбек саласындағы модельдер мен құрылымдардың өзгеруі. Халықаралық еңбек конференциясының (2006) 95-мәжілісі, ақпарат көзі: <http://www.ilo.org/public/english/standards/relm/ilc/ilc95/>

52. Тәрбие жұмысының тұжырымдамасы, NIS, Астана (2011).

53. Валлеранд, Р. Дж. (2000) Дечи мен Рьяның өзін-өзі билеу теориясы: Иерархиялық модель тұрғысынан ішкі және сыртқа уәждерге шолу. Психологиялық зерттеу 11 (4), 312–318.

54. Выготский, Л. (1978) Оқыту мен дамыту арасындағы өзара әрекет. *Ақыл және қоғам* (стр 79-91), Гарвард Юниверсити Пресс, Кембридж, МА, басылған Говейн, М., и Коул, М. (1997) Балаларды дамытуға арналға оқу (2-басылым), Фриман және компания, Нью-Йорк

## ҚОСЫМША ӘДЕБИЕТ

1. Двек С. (2012). Ойлау типі: Сіз өз әлеуетіңізді қалай пайдалана аласыз?
2. Хэтти Дж. және Йейтс Г. (2014). Біз оқыту мен ғылымға қалай қараймыз.
3. Блэк П. және Уильям Д. (1998). Қара жәшік ішінде.
4. Кларк С. (2005). Орта мектептегі қалыптастырушы бағалау.
5. Лемов Д. (2010). Чемпион сияқты оқыту.

